



Жас өркен Қостанай



2 (93) наурыз-сәуір 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(747) 601-95-14
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж кәзілігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.


Техникалық тақырыптар лекторы



15-22 сәуір аралығында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің инженерлік-технологиялық факультетінде Оңтүстік Корея мемлекетінің астанасы Сеулден келген, Сеул Ұлттық Университетінің профессоры, лектор Kim Jang Gil мырза студенттерге техникалық тақырыптарда лекция оқыды. Әсіресе алғашқы күндері оның лекцияларын болашақ инженер боламын деп жүрген 3 курс студенттері қызыға тыңдады. Айта кету керек лектор сабағын толықтай ағылшын тілдерінде жүргізді. Түсінуге қиын немесе студенттердің өтініші болған тұстарда аудармашының көмегімен өтті. Келесі күні Kim Jang Gil мырза Қостанай қаласының тарихи орындарымен танысты. Факультет ұжымы оны Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейіне апарып, ондағы ерекше жәдігерлермен таныстырды. Театрларға бас сұқты. Сондай-ақ ол 19 сәуірде оқу орнымызда ұйымдастырылған дәстүрлі «Байтұрсынов оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға құрметті қонақ ретінде қатысты. Сәйкесінше техникалық мамандықтар бойынша бөлінген секцияда өз ойларымен бөлісіп, көрген-білгендерін де ортаға салды.

Оның «Инженерлік дизайн конвергенциясы» атты лекциясы студенттер тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Сол себептен де болар инженерлік факультетінің деканы Есімханов Саят Бахытович бастаған мамандар Оңтүстік Корея елінің профессорымен болашақта екі жақты байланыс орнату тақырыбын сөз етті.

Еркіндік дәуірі



«Тәуелсіздік дәуірі» тарихи публицистика жанрында жазылған, еліміздің өткені мен болашағына қатысты автордың көзқарасы егжей-тегжейлі баяндалатын кітап. Онда алдымен қазақстандық даму үлгісінің ерекшеліктері, басты ұстанымдары және қозғаушы күші сараланады. Сондай-ақ, бірінші және екінші жаңғырту аясында тоталитарлық жүйеден түбегейлі ажырап, нарықтық экономиканы құру және бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті мерзімінен бұрын орындалғаны айрықша атап өтіледі. Бұған қоса елімізді әлемдегі өркениетті 30 мемлекеттің қатарына қосу міндетін жүзеге асыру жолдары көрсетіледі.

«Осыдан 26 жыл бұрын халқымыздың жаңа дәуірі басталды. Бұл – тәуелсіздік, еркіндік дәуірі. Бұл – қазақтың Елбасымен бірге дәуірлеу кезеңі. Ал Елбасымыздың жүрек толғанысынан шыққан жаңа «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы бәріміздің қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасының негізін қалаған тұңғыш президентіміздің өз қолымен жазған, Тәуелсіздік энциклопедиясы деп атауға толық негіз бар. Алдарыңыздағы кітап – Мемлекет басшысының бәріміз үшін ең қасиетті құндылық саналатын тәуелсіздік туралы ой-толғамдарының жиынтығы. Ендеше, бұл көп ұзамай-ақ барша қазақстандықтардың сүйіп оқитын кітабына айналары анық», - деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Жаңа туындыда «қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдарымен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы Қазақстан Республикасының әлемдік көзқарастың мәнін көрсететін бағалы тарихи құжат. Кітапта әр бөлімнің өзі бірнеше бөліктерге бөлінген. Олардың да атауларына зор мән беріліп, жаңа тарихымыз бен қазақстандық құндылықтардың дәуірлік оқиғалары нақты әрі дәл суреттелген.

Н. Назарбаевтың жаңа кітабы - тарихи жанрда жазылған ел тәуелсіздігінің 26-жылдық даму жолындағы авторлық көзқарасы болып табылады.

Үздік куратор анықталды



18 сәуір күні А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың акт залында екінші жыл қатарынан «Жылдың үздік кураторы» сайысы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – оқу ордамыздың үздік деген кураторларын анықтап, ынталандыру және студенттермен жұмыс барысындағы біліктіліктерін арттыру.

Конкурсқа қатысушылар әр факультеттен озық шыққан кураторлар. Олар әр түрлі мамандық өкілдері болғандарына қарамастан байқаудың шарты бойынша шығармашылық біріктіріп отыр.

Сайыс барысында жиналғандарды қатты қызықтырған кезең үміткерлердің өз өнерлерін көрсету болды. Әр оқытушының өз колдаушылары – студенттері. Олар да кураторларының жеңіс тұғырынан көрінуге барынша көмектесіп, жана-шыр бола білді. Тіпті оларда үміткерлермен бір сайыстың кей кезеңдеріне бірге қатысты. Олардың арасында ұшқыр ойлы, зерек, жылдам жастар көптеп кездесіп жатты.

Аталған байқаудың қорытындысын шығаруға кеткен уақыт аралығында оқытушылары жайлы студенттері өз лебіздерін өлең-жыр мен әнге салып жеткізіп жатты.

Аталмыш сайысқа қатысқан әр факультеттің үздік кураторлары:

1. Штанько Ксения Александровна, ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультеті
2. Кәкімбек Гүлнұр Өміржанқызы,

гуманитарлық-әдеуметтік факультеті

3. Қапсұлтанова Жанна Құрманғалиқызы, экономика факультеті

4. Жүсіпова Ангелина Қазбекқызы, ақпараттық жүйелер факультеті

5. Майсатаева Айнұр Шамшитденқызы, заң факультеті

6. Төлеміс Тұрсынай Серікқызы, аграрлық-биологиялық факультеті

7. Молдабек Нурильда Қабылұлы, инженерлік-технология факультеті

Топ жарған үздік үштік! Әділ-қазылардың шешімі бойынша «Жылдың үздік кураторы» атағын аграрлық-биологиялық факультетінің кураторы Төлеміс Тұрсынай Серікқызы иеленді. Екінші орын ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультетінің оқытушысы Штанько Ксения Александровнаға және үшінші орын гуманитарлық әдеуметтік факультеті атынан үміткер болған Кәкімбек Гүлнұр Өміржанқызына бұйырды.

Бұл іс-шара жыл сайын өз деңгейінде өтеді деген сенімдеміз және барша жеңімпаздарды жүлделі орындарымен құттықтаймыз! Оқу жылын сәтті аяқтап, алдағы жаңа оқу жылында жаңа серпін, жаңа тыныспен келулеріңізге тілектеспіз!

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

Қыдыр дарысын

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ
профессоры, жазушы**

Қыдырдың түп-төркіні қадір немесе Қыдыр деген сөзден шыққан болуы керек деп топшылаймын. Қадір болса, қадірлі, құрметті деген сөз. Қыдыр болса – қыдырып жүреді дегені. Қыдырғанда да Қыдыр кез келген, көрінген үйге бас сұға бермейді. Дастарханы баталы, шаңырағы аталы, негізді де некелі, жеті атасы жетелі, үй иесі орнықты, келіншегі ұқыпты, бала-шағасы құйма құлақ отауларға кіреді. Төріне шығып, малдасын құрып отырып, дәмін татады, батасын береді.

Ыбырай Алтынсарин: «Жөн білмеген адамға Қыдыр ата дарымас» – деп тегін айтпаған. Қазақ «Қырықтың бірі – Қыдыр» дейді. Қыдыр атаның етегіне түскен ұзын шапаны, салбыраған сақалы, иығында қоржыны бар деп ойлауға болмайды. Кейбір үйлерге сол кейіпте келуі де мүмкін. Енді бір үйлерге Қожанасыр болып келе ме, Алдаркөсе болып келе ме, әлде басқа кейіпке кіре ме, ол жағын үйдегілер байқамай қалуы да мүмкін. Сондықтан да ақсақалдар бата бергенде ең алдымен ауызға оралатын сөз саптауларда: «Бақ қонсын, Қыдыр дарысын!» – деген тілек айтылады.

Қыдыр баба кейбір үйлердің иелерін сынау мақсатында мүсәпір болып келуі де мүмкін. «Мүсәпірді жәбірлемей!» – деп жатады. Қазақта «Үйден қырық адым аттап шықсаң-мүсәпірсің» – деген сөз де бар. Бізбен түбі бір түріктер қонақты, яғни мейманды мүсәпір дейді екен. Ыстамбұл қаласында «Мүсәпір» деп аталатын қонақ үйі де бар.

Қазіргі уақытта біз жылдың төрт мезгілі деп жүрміз. Ал ертеде түркі халқы, қыпшақ жұрты жаз бен көктемді қосып алты ай жаз, күз бен қысты қосып алты ай қыс деп атаған. Яғни, он екі ай қаққа бөлінген. Жылдың бір жартысы суық, ызғар болса, екінші жартысы жарық пен жылу. Жақсылық пен жамандық, күн мен түн осылайша алмасып, итжығыс түсіп жатады.

Абай айтпай ма:

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан ізі сықырлап келіп қалды.
Демалысы үскірік, аяз пен қар,
Кәрлі құда қыс келіп әлек салды».

Жаз бен көктемнің жөні бір басқа. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, масатыдай құлпырар жердің жүзі» деген осы тұс, жердің беті жасарып, мал көкке шығып, тіршілік жайнап, қан қайнап, төлдер тойынып,

қыз-бозбала әзілдескен кез, күн менен түн теңескен, жасы үлкендер кеңескен, балалардың айдарынан жел ескен кез – қасиетті Наурыз, міне, нағыз жыл басы.

Біз болсақ, кешегі Совет империясының идеологиясынан, тіпті оған дейінгі ақ патшаның отарлаушылық идеологиясынан әлі арыла алмай келеміз. Ата заңымызда зайырлы мемлекет деп жазылғандықтан ешқандай діни артықшылықтарға жол берілмеуі керек десек те, осы уақытқа дейін тойлап келген жаңа жылымыз діни басқалардың кәдімгі Рождество мейрамы. Санта Клаус немес Дед Мороз дегеніміз, турасын айтсақ, мейірімді Аяз ата емес, қаһарлы қыстың қатал бейнесі.

Өздеріңіз ақылға салып көріңіздерші, жаңа жыл дегенде күнтізбедегі қаңтардың алғашқы күнінен басқа жаңа зат бар ма?! Қар да жаңа жаумаған, желтоқсаннан қалған. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай. қыстың басы бірі ерте, біреуі жай» дегендей, қыстың да нақты белгіленген шекарасы жоқ. Наурызға келсек, барлығы жаңа. Ақ уыз, жас төл, көк шөп, жас арман, жаңа тілек. Өзімнің бір өлеңімде:

«Анасына баласы опа бермей,
Сәби өсті бір жөнді ата көрмей,
Аяз ата жүргенде тост көтеріп,

Қыдыр бабам кетті ме бата бермей» – деп жазған болатынымын.

Аяз ата қазақ баласына ата болуға жарамайды. Ата болып та жарытпайды. Қазақта Қаңбақ шал деген кейіпкер бар. Сондықтан Аязды атымен атап, Аяз шал деген орынды. Қазақ баласының атасы Қыдыр ата болуы керек. Мұрны қызарып, сөзі ұзарып жүретін Аяз ата туралы бір кезде мынандай шумақ жазғаным бар:

«Аяз ата түксиіп, қабақ түйген,
Ішпей қойды кеш бойы тамақты үйден.
Өйткені, ол бет қызарып, мұрын ісіп,
Алыпты тойғанынша арақ ішіп».

Тост дегеннен шығады, шампан ұрттамасақ, тілегіміз орындалмай қалатындай, стақан түйістірмесек, жолымыз болмайтындай, жаттан жұққан жаман әдет дәстүрге айналып кетті.

Қазақ сөздерінің төркініне зер салсақ, тост деген сөздің түбірі тосу. Ақ дәмімді алдына тостым дегенді білдіреді. Тіпті тостаған деген атаудың өзі осы сөзден шыққан. Кейін барып стақан деп өзгеріске ұшырап, өзге тілдерге енген. Келген қонақты қарсы алып, тостағанмен қымыз ұсыну ежелгі түркі елінен, көшпелілерден қалған дәстүр.

Қазақтың жаңа жылының артықшылығы өте көп. Басқалар ағаштың жанын кинап, жас өскінді кесіп, қиып, үйіне шырша орнатып жатса, ата-бабамыз Наурыз айында көшеттер отырғызған. Қыста су қатып жатса, бітеліп қалған бұлақ көздері жазда ашылған. Қысқы қалың киім сы-



пырылып, жаңа киім-кешек киілген.

Көне орыс жерінің өзінде христиан дінін қабылдағанға дейін Жаңа жылды наурыз айының бірінен бастап тойлаған. Ағылшындар наурыздың жиырма бесін жаңа жылдың алғашқы күні деп есептеген.

Қазақ арасында Қыдыр мен Қызыр сөзі кейде бірін бірі алмастырып айтылады. Айырмашылығы бір-ақ әріп болғандықтан ба, кейде Қыдыр баба, кейде Қызыр баба, көбінесе Қызыр әулие деп жатады. Бірақ, Қыдырға әулие дегенді қосарламайды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жарық көрген «Бабалар сөзі» көп томдығында берілген түсініктердің бірінде: «Қызыр – Алла мәңгілік өмір берген киелі тұлға, қазақ мифтерінде, фольклор мен діни аңыздарда кездесетін архаикалық бейне, оның есімі Ілияс пайғамбармен қоса айтылады» деген анықтама берілген. (27 том, 335 бет).

Наурыз туралы және оның басты қаһармандарының бірі Қыдыр баба туралы түсінік қазақ даласында Ислам діні тарамай тұрып та болғанына шәк келтіре алмаймыз. Сондықтан да:

«Қадір түні келеді Қыдыр десе,
Қыдыр, бірақ, көзіңе көрінбесе,
«Қырықтың бірі – Қыдыр» деген сөзді
Кезінде тауып айтқан ел ендеше» – дейміз.

Қызырдың жанында ғайып ерен қырық шілтендер еріп жүреді деген түсінік бар.

Қырық шілтен – қырық көмекші, пайғамбардың серіктері. Ілияс пайғамбарды қазақтар Қызыр-Ілияс деп қосарлап атайды. Қазақтың ертегілері мен батырлар жырының бір кейіпкері де осы Қызыр-Ілияс. Кейінгі уақытта жарық көрген кейбір кітаптарда Қыдыр-Ілияс деген сөз де кездеседі, алайда, ол жаңсақтықтан кеткен жаңылу деп қабылдауымыз керек.

Қыдыр баба туралы ондай сөз айтылмайды. Қырықтың бірі Қыдыр дегені – оның басқа кейіпте адамды сынау мақсатында келуі мүмкін дегенді аңғартса керек. Қадір түні періштелер келеді. Қыдыр келеді дегені кейін қосылған жапсырма.

Ел аралап жүретін, ақ киімді, ақ сақалды әулие Қызыр-Ілиясқа байланысты айтылса, Қыдыр баба бейнесі де оған ұқсас, бірақ, ол міндетті түрде ақ киім киеді, жасы ұлғайған жасамыс кісі немесе ақ сақалды қария деген ұғым қазақта жоқтың қасы.

Бұл екі кейіпкерді шатыстыру екеуінің де адамға ырыс-несібе әкелуші, дәулет беруші, қамқоршы болушы деген ұғымдарға сай келгенінен болса керек.

Қазақ баласына мейірімді ата болатын Қыдыр баба бейнесін сомдау – әдебиетшілердің де, суретшілердің де, киногерлердің де парызы. Қыдыр туралы мультфильмдер шығарылып, ойыншықтар жасалып, оның образы мектеп оқулықтарына енгізілуі керек деп есептеймін.

Нұр-шуаққа шомылдырып

Қазақстан тәуелсіздіктің тас тұғырына шарықтай көтеріліп, егеменді елге айналғалы бастан небір қуанарлық, құптарлық оқиғаларды кешіп жатырмыз. Ең бастысы сүйем жер үшін намысын қайрап, терін төккен арғы ата-бабалардың өсиеттері топырақ астында қалмады, суға сіңіп кетпеді. Өздері ортада жоқ болса да, арттарында қалған от-жалынды ұрпақтары дербестік дабылын қағып, өркениетке ұрандай ұмтылу бағытында ғибратты ғұмыр кешіп жатыр. Саясат табанда өзгерген соң кешегі кеңес дәуірі тұсындағы мейрамдардың біразы көзден ғайып болды. Бұрынғыдай Мәскеу жаққа қарайлаудан мүлде аулақпыз. Ару Астана Арқа төсіне жайғасып, барлық мәселе ел орда арқылы жүйесімен шешілуде.

Ежелгі Наурыз мейрамының ортаға оралуы бұқара халықты желпіндіріп, серпілтіп жатқаны жасырын емес. Тарихтың тот баспаған сары сандығын ақтарып көрсек, наурыз ежелгі мәдениеті жедел дамыған елдің бірі парсының «Нау», «Жаңа», «Руз», «Күн», «Жаңа күн» сөзінен шыққан көрінеді. Осы бір сәулелі, шуақты сәтте күн мен түн теңеседі. Бай мен жарлы екі бөлектенбей өзара жарасады. Аталған мейрамда өкпе, реніш, наз ұмытылады. Адамдар бір-біріне оттан ыстық құшақтарын айқара ашады. Айналаны күміс күлкі, жылы сөз кернейді.

Шығыс елінің бүкіл халықтық мейрамына айналған шадыман шақты асыға тоспайтын тірі пенде жоқ. Әсіресе мұсылман қауымы кәдімгідей әзірленеді. Мейрамда сәнді киіну, қазақы салт-дәстүр жоралғыларын жасау басты шарт. Осы сәтте бірлік көк байрағы биіктеп, тамаша татулық тағлымға айналады, ынтымақ ырысы арнасынан аса төгіледі. Кезінде шығыстың атақты данышпандары Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фирдоуси, Ә.Науаи, О.Хаям, Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкендер осы тақырыпта талай еңбектер жазды. Ұлттық ғұрыпқа негізделген өміршең, ойы тереңдегі маржандарды қамтитын өлеңдерді тудырды. Мағыналы сөздердің тізімдерін жасады деуге де болады.

Наурыз көжесіз мейрамның көркі болған ба? Алғашқы жылдардағыдай емес осы тағамды дәмді етіп әзірлеуге әжелерге қоса, жас келіншектер де төселе бастады. Жеті түрлі тағамнан, атап айтқанда сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, қазыдан жасалынатын көжені көпшілік сүйсіне, шөлдері қана ішеді. Кейде әлгілерге жеміс, сондай-ақ шұжықтарды қосатын дәстүрлері де бар.

Тәуелсіз мемлекетте Наурыз мейрамы басты мереке ретінде тойланып жүр. Президент жарлығына сәйкес бірнеше күн демалыс болғандықтан дүрілдетіп атап өтуге мүмкіндік мол. Ел орда Астана қаласынан бастап, бүкіл облыс, аудан, ауылдарда мерекелік алаң айшықтанып, ажарланып көзге түседі. Киіз үйлер сап түзейді. Ішіне енсеңіз бейне бір ұлттық музейді аралағандай әсер құшағында жүресіз. Үйдің қабырғаларынан қасқыр, қарсақ, түлкі сияқты аң терілерін жолықтырасыз.

-Төрлегіңіздер, дәм ауыз тиіңіздер! – деген лебізден кейін далаға ұқсап жайылған дастарқанға жайғасасыз. Бәрі жайнап тұр. Ұлттық тағамдар – жент, құрт, ежігей, ірімшік, қазы, қарта, шұжық,

бауырсақтан жей отырып, бабалар ғұмыр кешкен заманды еріксіз елестетесіз. Нәсердей төгілген наурыз жырына құлақ тосасыз. Халықтық әндерді ынта-ықыласпен тыңдайсыз. Не керек киіз үйлер қалашығынан аса ризалық сезімде сыртқа беттейсіз. Өзгені қайдан білейін, өз басым наурыз мейрамына куәгер болып, оның оюлы сәттерін құмарта тамашалаған сайын түрлі ойға да батамын.

Наурыз мейрамы салтанат құрған сайын киіз үйлерге кіріп, беташарды, тұсаукесерді, қыз ұзатуды тамашалаймыз. Бұл түсінікті. Және осы әдет-ғұрыптардың дені күнделікті тұрмыс, тіршілігімізде қолданысқа енгізіліп жүр. Кеңеюіне, қанатын жая түсуіне тілектеспіз әрине. Енді басқасын айтайын. Дастарқандағы ұлттық тағамдарды да жылма-жыл зер сала көру, тамсану, тандану бар ғой. Құр осы бағытта жүре береміз бе? Былтырғы наурызбен биылғы мейрам аралығында ұлттық дәмдерді әзірлеу жұмысы қалай жүзеге асты. Үйренген жас буындар бар ма? Үлгі тұтып аудан, кеңшар, ауыл өкілдері есімдерін неге атамасқа. Қазір бәрі дүкендерде сатылады. Үйде тағам әзірлеуге қыз-келіншектер немқұрайлы. Ұлттық тағамдарды болса да жасай алмайды. Тіпті үйіне мейман келсе соғым етін қазанға саларда мүшелерін танып, жіктеп, ажырататындар азайып барады. Сонда әдет-ғұрыптарды, ұлттық тағамдарды түбі жас жеткіншектер музейлерден көріп жүрмей ме?

Тағы бір айтар жай, наурыз мейрамында кесеге шұбат құйылып, қымыз сапырылып жатса да, бұрышта, қиылыста, жасырын жерде ретін тауып қырлы стаканмен орыс арағын жұлқына жұтқысы келіп тұратындар да кездеседі. Мүлде түсініксіз әрекет. Сөзіміздің түйінінде айтарымыз наурыз мейрамы есте қаларлықтай болу үшін әлі де ақсақалдармен, көне көздермен ақылдаса, пікірлесе отырып, саликалы сценарий жазу қажет-ау. Осы күні шындықты айтып шырылдап, ақиқатты айтып адал сөйлеуге ұмтылсаң жақтырмай, қабағын түйе қарайтын қандастар кездесіп қалады. Айтпағым нақышты наурызды тойлай білейік, әрі оның ұлттық ұлағатын, мазмұнын ойлап жүрейік. Ортаға қайта оралған мейрамда ақын шалқар шабытты шақырып, толғанбаса бола ма? Ойға өлең жолдары оралады.

*Жазирада жалындап ап, жанды үміт,
Жазира – көңіл жазыла шапқан сәйгүлік,
Наурыз келді мұсылманша мейіріммен
Нұр-шуаққа шомылдырып, нандырып.*

*Ұлдарды найзағайдай, намысты ғып,
Қыздарды тал шыбықтай майыстырып,
Наурыз келді арадағы алтын көпір
Ренжіскенді ретін тауып табыстырып.*

*Қиялым ай, жұлдызға араласып,
Қызыққа қарттар түгіл, бала ғашық,
Наурыз келді жамағат, наурыз келді
Ұйқыны ұмыт, үйді ұмыт, далаға шық!*

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.
Қостанай қаласы

Махаббат жыры мәңгілік

Ағымдағы жылдың 15 сәуір күні Л.Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘҒК-сының ішінен құрылған «Ақ қауырсын» ақындар клубының ұйымдастыруымен Қозы Көрпеш – Баян сұлу ғашықтар күніне орай, шығармашылыққа бейім жастардың «Махаббат жыры мәңгілік» тақырыбындағы ақындар сайысы болып өтті.

Аталмыш шараның мақсаты: белсенді жастарды дамытып, әрі олардың қабілеттерін жоғары деңгейде шыңдау; жастар бойында патриоттық сезім қалыптастыру; отан сүйгіштікке тәрбиелеу; жастарды мәдениеттілікке және қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерге тарта отырып, оларды рухани дамыту; талантты, дарынды жастарға қолдау көрсету; жастардың өмірге деген позитивті көз-қарастарын ұлғайту.

Шараға «Ақ қауырсын» ақындар клубының белсенді мүшелері барынша ат салысты. Сайысқа төрелік еткен, әділ бағасын берген, әділ қазылар алқасы қатарында «Нұрлы таң» газеті директорының орынбасары Аслан Қанғожин, «Қостанай» телеарнасының тележүргізушісі Бауыржан Бөгенбай, «Қостанай таңы» газетінің тілшісі Жандос Жүсіпбеков сынды жас ақындар болды. Сайыс төрт бөлімнен құралған. Ақындар сайысының алғашқы бөлімі: «Таныстыру» қатысушылар өздерін бейне жазба арқылы таныстырып, өлең шумақтарымен асқақтатты. Сайыстың екінші бөлімінде: «Ақындар жырлайды» көрнекті қазақ ақындарының «Махаббат» тақырыбына арналған өлеңдерін нақышына келтіре оқып,

қатысушылар көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. «Ақындығың болса, қанекей!» атты бөлімде ақындарымыз өз жадынан шығарған өлеңдерін паш етті. Яғни, әділ қазылар алқасы ақындардың ойлау қабілеттілігіне баса назар аударды. Сайыстың соңғы төртінші бөлімі «Ойлы болсаң, озып көр» деп аталды. Ақындарымызға сайыс ережесіне сай үш тақырып ішінен бір тақырып таңдалды, сол тақырып бойынша ақындарымыз суырып салма ақындық қабілеттерін көрсете білді. Бұл бөлім бойынша әділ қазылар, ақындардың сөз ұйқастыра білу қабілеттеріне және өлең құрлымына аса назар аударды. Қорыта келе ақындарымыздың өнері бағаланды және шығармашылыққа деген алғашқы қадамдарын басты деуге толық негіз бар.

Бір-бірінен асып түскен жас өнерпаздардың ішінен әрине, жеңімпазды анықтау әділ қазылар үшін оңайға түспеді. Дегенмен, жүзден жүйрік мыңнан тұлпар болып суырылып шыққан, жүлделі бірінші орынға ие болған ҚМПИ филология факультетінің 3 курс студенті Махаббат Жарбосын. Ал екінші орынға ие болған қостанайлық ақын Бағлан Анкауов. Жүлделі үшінші орынға ие болған ҚМПИ филология факультетінің 2 курс студенті Қарлығаш Сұлтан.

Қошемет пен демеуге ие болған жастар көрермен көңілінен шыға білді деп айтуға болады. Осылайша қостанайлық жастар ғашықтар күні мерекесін поэзиямен асқақтата отырып, лайықты түрде атап өтті.

Айтжан ҚҰРМАНҒАЛИҰЛЫ



Сазгермен сұхбат

Әсем әндерімен кеңінен танылған баршамызға белгілі көрнекті композитор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі, Қостанай облысының Амангелді ауданының Құрметті азаматы, фольклорлық-этнографиялық ансамблдің мүшесі, әнші-сазгер Қалибек Деріпсалдин биыл 65 жылдығын тойлап отыр. Осы мерейтой қарсаңында өнер адамымен әңгімелесіп қайтқан едік.

— «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» демекші алыс сапарларда жүрсеңіз де киелі топыраққа жетер ештеңе болмасы анық. Жалпы осы тұста кіндік қаныңыз тамған қасиетті жер жайлы бірер сөз айтып кетсеңіз?

— Өзім негізі Қостанай облысы, Торғай ауданы, Батпаққара ауылында 1953 жылы 10 қаңтар күні дүниеге келдім. Балалық шағым осы арада өткен. Амангелді ауданында орта мектепті бітіргеннен кейін 1970 жылы Тараздағы музыка училищесін тәмамдадым. Осы қалада бар жастығым мен студенттік шағым өтті десем де болады.

— Музыкаға деген құштарлығыңызға қарағанда отбасыңызда ата-анаңыз бен бауырларыңыз шығармашылық әлемінен алыс емес сияқты?

— Иә, менің ата-анам шығармашылық адамдары. Анам-Мағия, үлкен өнер иесі. Кезінде Нұрхан Ахметбеков, Ахметжан Абықаев, Байқоныс Мұхамбетжанов, Қазбек Әбенотармен бірге өнер саласында қызмет атқарған. Әкемнің інісі - Кенжеғали Жұмабаев республикаға белгілі күйші болған. Өзімнің туған ағам - Ораз Қожасов та республикаға танымал дәулескер күйші әрі ұстаз болған азамат. Қарындасым - Роза Деріпсалдин музыка сабағынан дәріс берген. Әлемге аты әйгілі опера өнерінің жұлдызы Сүндет Байғожин Розаның тікелей шәкірті, мектеп кезінде музыка сабағының мұғалімі болған.

— Ал өз отбасыңызда шығармашылыққа деген бейімділік байқала ма?

— Негізі қазір отбасымызда менен басқа өнерге жақын ешкім жоқ сияқты (жымыды). Себебі жарым Айша 30 жыл бойы өзін медицинаға арнаған. Қазір зейнетте. Екі қос қанатым арыстандай ұлдарым және 5-6 немерем бар. Осындай алтындай құлындарымның қасымда мені демеп жүргендеріне шүкір. Ендігі ойым осы балапандарымды өнер жолына баулу.

— Орындалмаған армандарыңыз бар ма?

— Жас кезімдегі үлкен арманым — өнерпаз болу. Кең сахнада ән айтып, танымал болғым келетін. Бұл ата-анамның да арманы. Алланың қалауымен бұл арманым қазіргі таңда толықтай орындалды деп айта алам. Ендігі арманым жақындарым, отбасым, балаларым аман-есен болып, әрбірі өмірде өз орынын тапса екен.

— Табиғатыңыздан қандай жанрға жақынсыз? Жалпы әндеріңіздің басым бөлігі қандай тақырыпта жазылған?

— Әндерімнің көбі негізі патриоттық, туған жер және лирикалық сарында жазылған. Көп уақыт бойы іс-сапарлармен республиканың әр түспірінде



жүретіндіктен, туған жерден алыстап біраз жүрегіміз сағынышқа толады. Осындай сәттерде туған топырағымызды уысымызға қысып, сағынышты басу үшін қолыма қалам алып ойыма келген шумақтарды қағаз бетіне түсіре бастаймын. Кейіннен оны өңдеп, жөндеп жарыққа шығарамын.

— Әндеріңіздің басым бөлігі қай буынға арналған?

— Түгел дерлік әнім жастарға, жастақ шақтағы махаббат пен албырттыққа арналған. Оған мысал «Айлы түнде», «Көктем қыз» әндері. Көп шығармамда махаббат пен табиғатты тікелей байланыстыруға тырысамын. Осындай процесстерден кейін дүниеге өзіндік сыры бар жаңа туындылар шығады.

— Жақында болған өзгерістер?

— Осы жақында «Шексіз алғыс сіздерге» атты әнім жарық көрді. Бұл ән халық жүрегінен бірден орын алды, оған дәлел әннің республикалық Астанада өткен «Елім менің» атты патриоттық ән байқауында жүлделі 2 орынды иеленді. Әннің сөзін Тұрғын Досмағамбетовті жазды. Негізі ән жетім балаларға арналған.

— Алдағы уақытта оқырмандарыңызбен бөлісетін жаңалықтарыңыз бар ма?

— Әрине, жаңалық, жаңа туынды болмаса өрлеу мен даму болмайды. Биыл жоспарда «Тобыл-Торғай әуендері» атты әндер жинағын шығару ойда бар. Және де сәуір айының 11-13-де болатын Қалибек Деріпсалдин атындағы «Көктем-қыздар» атты республикалық әншілер байқауына және алдағы қараша мен желтоқсан айларында Астана қаласында өтетін концертке дайындық болып жатыр. Барлық дерлік шаралар жастарға арналған. Мұндағы басты мақсат-жастарды шығармашылыққа бір табан болсын жақындату.

— Қалибек аға сұхбатыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта шығармашылығыңызға тек қана табыс, жаңа шындарға өрлей беріңіз.

Сұхбаттасқан Айшолпан БАЯНБАЕВА

Аруларға тарту

Мектеп кезімізде 8-наурызда қыздарға да, аналарамызға да сыйлайтын гүл ауылда 90-100 теңге тұратын. Негізгі сыйлығымыздың түрі сол жасанды дүние. Қаладағыдай роза мен түрлі букеттер тарту ететін мүмкіндіктер болған емес. Содан да болар шыны керек тірі гүлді таңдап жүріп, сыйлаған да емеспін. Қысқасы гүл аттарын білмеуші едім.

Студент болып бірінші курсқа келгенімде 8-наурыз мерекесіне орай ұлдардың басын қосып қыздарды қуантпақ болдым. Группамдағы жігіттер де мақұлдай кетті. Біршама ақша жиналып, әзірлік жасадық. «Не аламыз» деген сұраққа «гүл» деген жауап баяғыдан дайын! Дұрысы сол. Ендігі мәселе барып гүл әкелу. Міне, осы жерге келгенде жаңағы жігіттердің мазасы қашып, шаруалары шығып қала бастады. Сосын Бөлтірік пен Руслан есімді достарымды өзіммен ертіп гүл іздеп кеттім. Зымырап барып, жақын жердегі гүл сататын дүңгіршектердің біріне келіп «қайсысын аламыз» деп сұраймын екеуінен. Олар: "Білмеймін өзің біл" дегеннен таңбады. "Ей сендер де..." – деп сыртқа қайта шығып қайта ақылдасқан боламыз. Содан соң әлде қыздарға ашықхат пен шоколад сыйлаған дұрыс па деп жаңа бір идея алаңың құрамыз-ай келіп. Қыздарға сыйлық жасау осыншама қиын болар ма. Дардай үш жігіт не істерімізді білмей тұрмыз... Біраз уақыттан соң жігіттерді ақылға шақырып гүлге тоқталатынымды айттым-дағы, дүкенге қайтадан ендім. Сырттағылар іштегі менің сатушымен орысша қалай сөйлесіп, қалай саудаласқанымда шаруалары жоқ. Тыста өзара күлісіп тыпыршып тұрды. Ал мен бар шаруаны тындырып шыққанымда Бөлтіріктің «бір саусағың ішіне бүгіп», қулана күлгенін байқағаныммен мән бермегенім сол кездегі «қателігім» болғаны-ай. Жә, маңыздысы бұл емес, бастысы қолымда тоғыз қызға бір-бірден басы шашырай қылтиған тоғыз гүл шоғы. Жігіттерге «маған гүл ұстаған жараспайды, ұстандар» дегенім сол-ақ, екеуі де үрке қашсын. Таңқалдым, бұлары несі деген ой көңілімде көп тұрақтаған жоқ. Универге де келіп жеттік. Қыздар отырған аудиторияға кіргенімде мені көріп шынымды айтсам қолымдағы гүлдің барын байқап күлімсіреген қыздардың өңі біртүрлі өзгеріп сала берді. Азғантай үнсіздіктен соң қыздардың бірі біздерге рахметін айтып, былай шыға "Жанболат не ғой, негізі..." деп кібіртектемесі бар ма? Маған ерекше алғыс айтқысы келді ме деген ойдағы мен "иә, иә қысылма айта бер" деп қоямын топбасшы қызға. Ал одан кейін олар маған бәрін түсіндірді...

Ұялғаным-ай! Гәп – әкелген гүлімде екен. Ол қандай гүл дейсіз ғой?! Мен таңдаған гүл – қалампыр (гвоздика) болатын.

Содан кейін не істегенімді білесіз бе? Дереву қыздардың қолындағы өңкей қалампырларды жинап алып дүкен иесіне қайта әкелдім. Қабылдамады.

- Тым болмаса жарты бағасына, апай.

- Жок! Жок!

Не істемек керек деп келе жатқанымда, бір курс жоғары оқитын Ерболат кездесе кетіп, азғантай ақыл қосып жібергені. Сонымен зыр қағып орталықтағы гүл сататын орындардан роза гүлін арзан бағаға іздей бастадым. Бір уақыттарда сабақ аудиторияда мен орталық базардан бір-ақ шықтым. Телефонға қоңыраулар да түсе бастады. Айтатындары: "Сабақ бітеді қайдасың, не істейміз? Қыздар кете берсің бе?" дегенге саяды. "Жок, қазір реттеймін, қыздар кетпесін" дегенді айтумен біраз уақыт жоғалттым. Сөйтіп, автобус аялдамасында орналасқан гүл сататын орыннан іздеген бағадағы роза гүлін таптым. Бір күн бұрын ғана ауылдан сағындырып жеткен 10 000 теңгемнің көбін қимасам да қалтамнан шығаруға тура келді. Кінә өзімнен ғой, енді. Тоғыз тал розаны құшақтаған күйі алып-ұшып қыздарыма де жеттім. Осы жолы беттерінен сүйіп барып сыйладық гүлді! Олар да мәз-мейрам! Маған не жоқ десей?! Мен де мәзбін ыржалақтап!

Айтпақшы, манағы қалампырды не істегенімді білесіздер ме? Мен үшін гүлдің бәрі бірдей сияқты көрінді. Дереву бізге сабақ беретін апайларды бір санап шығып, бәріне тең келетіндей етіп есептедік те, гүлді қолымызға алған күйі кафедраға беттедік. Кабинет алдындағы келісім мынадай болып еді: «Бөлтірік, кірген бетте сол жақтағы бөлмедегі орыс апайларға сен бересін. Руслан, сен эдвайзерге бересің, ал мен кафедра меңгерушісіне беремін».

Кірдік. Апайлар отыр. Сыйладық...

Артымыздан ырғақта болса да "Рахмет" деген дауыс естілгендей болды. Үшеуміз де жүгіре жөнелдік... Кейін біраз уақытқа дейін кафедрадағы апайларға қарауға ұялып, қашып жүргенім әлі есімде...

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

Қайран елім, қазағым...



Мына әлемде бойында даралық пен даналық тоғысқан ұлы халық бар. Басынан не бір қайғы мен қасірет, азап пен сатқындық, жоқшылық пен кедейшілік, апат пен дауыл, кемсіту мен менсінбеу сияқты жеккөрінішті сезімдерді данышпан халық еш мойымастан жеңе білді. Тағзым етудің өзі аз.

Кейде аз ғана халық дәл осындай өмірлік кесепатты қалайша өткен уақыттың еншісіне ысыра білді деп те ойлайсын. Мүмкін емес дүние сияқты. Қаншалықты азап көрсе, бұл халық соншалықты сол еркіндік пен азаттықты бағалай біледі. Жалпы қазақ хандығының құрылуынан бастап небір шабуыл мен шайқастарды бастан өткерді. Сондада ешбірінің алдында тізе бүккен емес. Бұл жігерге қайран қаласын.

Жалпы Алашорданың құрылуынан бастап қазақ халқының күнделікті өмірі біршама оң жаққа бетбұрыс жасады. Ол дегеніміз халықтың жағдайын ойлап, оны ілгері қарай бастайтын жанашырларының пайда болуы. Халықтың сауатсыз болып, орыс халқының езгісіне түсіп жатқаны зиялы қауым үшін үлкен қасіретпен тең еді. Сакалына сары шіркей ұялап, миығына қара шыбын ұялап қу басы құла түзде қалған қазақтың жан дүниесіне үңіліп, көз жасын бұршақтай төккен әулие Абайдың өз жұртынан алыстағалы ғасырдан астам уақыт өтсе де, қазіргі таңда қазақ мұңы, жүрекке қатқан шер-шемен еш тарқар емес.

Абай атамыздың “Қалың елім қазағым қайран жұртым” деген өлең сол кездегі қазақтың рухани ахуалынан хабар беретін өте терең мазмұнды өлең. Қарап отырып бұл өлеңнен халық данасының ұлттық, елдік санаға көтерілген даналығын аңғарамыз.

Ұлттық идеологияға идеал болатын адамдарды насихаттау, елім деп айта алатын адамдарды көтермелеу, әркез соларды ел ішінен тауып болашақ жастарға үлгі етіп көрсету маңызды принцип.

Өз басым сол дәуірде өмір сүрсем, сол уақыттағы зиялы қауымға идеал болып көрінген рулық, тайпалық бөлініске қарсы болар едім. Бұл нәрсе елдік, халықтық деген дүниені жоққа шығаратындай. Екі дүниенің бір санада өмір сүруі еш мүмкін емес.

Екінші бір ұстанымым, ол орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін және салт-дәстүрін еш насихаттамау. Яғни аудармаларға тыйым салып, жалпы олардың ұстанымдарынан бас тартар едім.

Жалпы физикалық тұрғыда қаншалақты Ресей империясына бағынышты болсақ та, рухани санамыз азат етуге барынша тырысар едім. Құлдық синдромнан арылу бұл халық үшін оң өзгеріске алып келер еді.

Рухани көтеріліске шығу арқылы халықтың негізгі мақсаты “орыстың тілін үйренсем, олармен теңесе аламын, сонда отарлықтан құтыла аламын” деп қате ойлауы. Оның зардабын қазір көрудеміз. Халқымыздың 55-60 %-ы сол жауымыздың тілінде сөйлеп, маркайып жүруінде. Қазіргі рухани әрі тілдік жағдайымыз Абай, Әлихан сынаған кезеңнен де кері кетті.

Айшолпан ЕРЛАНҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті

Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай...



Пай-пай шіркін, қазақтың келіндері,
Көл-дария секілді пейілдері.
“Абысын тату болса, ас көп” деген,
Мақалдың айтылуы тегін бе еді.

Қазақ халқы отбасы құндылығын жоғары дәріптеген. Отбасының ұйытқысы әрі панасы әйелдер қауымының қолында екенін қашаннан білген. Әйел ең әсем әрі ерекше жаратылыс. Жарық дүниеге Жаратқанның бұйрығымен келген қыз бала кезі келгенде оң босағадағы орнын ақ шымылдықтың ар жағындағы жаңа өмірге айыр-бастауы, солайша бір үйдің, бір әулеттің келіні болуы мүмкін.

Жаңа шаңырақтың табалдырығын аттаған келіндерін ата-бабаларымыз құрмет тұтқан. Оларды өз ұрпағын өрбітіп өркендетіп, кеңейтуші ырысы, құт-берекесі санаған. Егер жас келін өз басының тазалығы мен жарасымдылығын былай қойғанның өзінде ұстаған үйі, қазан-аяғына дейін мұнтаздай кіршіксіз болып, өзі он саусағынан өнері тамған ісмер, бармағынан бал тамған аспаз болса, нұр үстіне нұр. Ондай келіні бар үй көпке – үлгі, ауылға сыйлы болады. Үлкендер құрмет тұтып, жастарға үлгі етеді. Келін – бір шаңырақтың шырағы. Ағайын-туманың ортасында берекесін асырып, жаманын жасырып, жақсылығын елге паш ететін де бір өзі. Біз қанша жерден келін

деп айтқанымызбен, ол да бір әулеттің әлпештеп өсірген аяулы қызы. Өскен-өнген жері қандай болса, алған тәрбиесі, көрген өнегесі де сондай болмақ. Келіннің жаңа жерге келуі, сол ортаға үйренісуі, көп жағдайда, сол үйдің мүшелеріне де байланысты. Келгеннен-ақ құшақ жая қарсы алып, оң қабақ танытып, білместігіне кешіріммен қарайтын болса, ол келіннің әулетке сіңіп кетуіне негіз болады. Өзінің өмірлік тәжірибесі, көрегенділігімен жас келінге үлгі болар ененің де үйретер тәлім-тәрбиесі мол болмақ. Ене мен келін арасы бір-біріне деген құрметпен өрілуі керек. Келінді қызындай көріп, енесін анасындай көретін ұлағатты қарым-қатынасымыз ғасырлар бойы жалғасып, киелі босағаның берік болып, шаңырақтың шайқалмауына негіз болып келе жатыр. Бұл дәстүр атам қазақтың дүниетанымына, салт-санасына сай қалыптасқан болуы керек. Дәстүрлі тәрбие мектебі осылайша жалғаса бермек. Бұл – ғасырлар бойына қалыптасып келе жатқан жазылмаған өмір заңдылығы, тіршілік сабақтастығы.

Әйгерім ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті

Биші қызбен сырласу

(Қайсар қыз Малика Мұқтаровамен сұхбат)



Бүгінгі кейіпкеріміз Қостанайдың талай жастарына үлгі бола білген, батылдық пен шыдамдылық сынды қасиеттерді бойына жинап, өмірдің дауылына да, толқынына да төтеп беріп, еш қиындыққа сынбайтын қайсар жандардың бірі. Ол жас болса да тағдырдың талай сындарына қарсы тұра білген, әркез алға қарай талпына білетін тұлға дерсіз. Оның еңбекқорлығы мен алдыға қойған мақсаты кім-кімді болмасын таңғалдырады.

Малика Мұқтарова қазір Ғафу Қайырбеков атындағы №9 орта мектебінің 11 сынып оқушысы. Мектеп өміріне белсене араласатын Малика спортта да өз орнын ойып тұрып ала білді. Қазіргі таңда Қостанай қаласының 5 мәрте чемпионы болып үлгерген онымен де сұхбаттасып көрдім.

- Сәлеметсіз бе, Малика! Сұхбат беруге келіскеніңе рахмет. Жалпы оқуың қалай? Өміріңде қандай өзгерістер болып жатыр соны білсем бола ма?

- Сәлеметсіз бе! Оқу! Алдағы уақытта ұлттық бірыңғай тест тапсыратын болғандықтан тыңғылықты дайындық үстіндемін. Әрине қорқыныш бар, бірақ бұл өте жауапты сәт екенін білемін. Әлбетте жақсы нәтиже көрсетуге тыры-

самын. Өмірімнің маңызды бөлігін спорт алып жатқандықтан, өзгерістің барлығы осында. Жаңа белестерді бағындыру үшін, жаттығуларыма да жіті назар аударып жүрмін.

- Малика сол спорттық өміріне тоқталсақ. Жалпы сенің халықаралық класстағы спорт шебері екеніңді білеміз. Қай уақыттан бері осы спорт түрімен айналысып келе жатырсың? Қызығушылығың қай уақытта пайда болды?

- Алғашқыда вокалмен айналыстым. 11 сыныпта Астана қаласына барып алғашқы конкурға қатысып, жүлделі орынды қанжығама байладым. Дәл осы жеңіс маған бір серпіліс бергендей болды. Кейін өзімді басқа қырынан ашып көрмекші болып “Үміт” қоғамдық бірлестігіне мүше болдым. Алғашқы күннен бастап бұл ұйымның басшысы маған жақындап “Арбадағы би” деген не екенің білесің бе? - деп сұрақ қойды. Мен бұл сөзді бұрында естіп, бірақ оның қалай жүзеге асатынын білмейтінімді айттым. Кейіннен ол маған арбада отырып қалайша билеуге болатынын егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол кезде мен небәрі 13 жаста болатынымын. Өзге ересек адамдарға қарап әр қимылды жаттауға тырыстым. Бұл әрекет нәтижесін берді. Сол арқылы бұл спорт түріне деген қызығушылығым ашылды. Қазіргі уақытта әлі де шыңдалудамын.

- Өміріңіздегі жаңа спорттың түрі ең алғашқы сәтте қиындық тудырмады ма? Осы кезде қолдаушыларыңыз көп болды ма?

- Жоқ, қиындықтар болған жоқ. Өйткені жақындарымның басым бөлігі мені қолдады. Әсіресе ата-анам, әжем. Әжемнің әркез айта-тын ақылы: “Бастаған ісінді еш уақытта аяқсыз қалдырма, шыдамды бол. Қай қиындық болса да, орта жолда қалдырма». Осы бойымды жігерлендіретін сөздерден кейін, ешнәрсеге қарамай алға басып келемін. Қиын кездерде еңсемді биік көтеретін жандардың бірі - асыл әжем. Бұл кісінің бар арманы менің бақытты болып, әркез жаңа жетістіктермен қуанып отыруым. Өз ойлаған армандарымды жүзеге асыру.

- Ата-ананың, жақындарының қолдауы әрине, баға жетпес дүние. Осы спорт түрін жалғастырғаннан кейін, қандай жетістіктерге жеттің? Ол саған не бере алды?

- Берген пайдасы да, жетістіктері де көп. Өміріме мен күтпеген өзгерістерді алып келді. Мен үш ұйықтасам да түсіме кірмеген арман еді. Бойымдағы өзгеріске деген талпыныс көп нәтижеге жеткізді. Қостанай қаласында өткен алғашқы

ашық сайыста “арбадағы биден” алтын жүлдеге ие болдым. Бұл жаңа белестерге ұластырды. Ал Алматы қаласында қанжығама қола жүлде байланды. Содан Қарағанда қаласында континенттер кубогіне қатысып күміс алдым. 2016 жылы Петербургта өткен сайыстаң қола болды және Қытайда өткен Азия чемпионатынан екі бірінші орын алдым яғни екі алтын, осы жылы президент қорының лауреаты атандым. Биылғы жылы Бельгияда өткен сайыстың қорытындысы - екі мәрте үшінші орын.

- Жетістіктерің керемет екен. Осындай толағай табыстарға жете бер. Сен үшін қуаныштымын және құттықтаймын. Осыдан шығатын тікелей сұрақ мынадай. Осы жетістіктерге жету үшін саған нақты не нәрсе күш береді деп есептейсің?

-Ең бірінші ата-анам, одан кейін аяулы әжем. Олар мені әркез шабыттандырып, қолдап отырады. Мен сахнаға шыққанда адамдардың барлық эмоцияларын сеземін. Олардың көзқарасынан бір қызығушылық барын көргенде бұл менің әр қимылыма жан бітіретіндей. Мүмкін дәл осы сезім шығар менің бойымдағы күш-қуатты арттыратын. Мен кез келген кішігірім нәрсенің бәріне бірдей қуана беремін. Мысалға, көрермендердің маған жылы қарап, күлімсіреуі, әр биден кейін жақындап келіп алғыс білдірулері, ең ізгі деген тілектерін бәрін-бәрін сезіп отырамын.

-Сенің сахнадағы өнеріне көреалмаушылық танытып, негативті көзқарастарын білдіргендер болды ма?

-Қанша жылдан бері сахна төрін тоздырып келемін, еш уақытта ондай қарсылық болмапты. Алғашқы уақытта ондай сұрақ мені бірнеше рет толғандырды. Әр ойымды саралап, нәтиже шығаруға тырыстым. Соңында осындай қорытынды жасадым. Мен еш нәрсеге қарамастан барлығына төтеп беремін.

-Негативті көзқарастан қарағанда он көзқарастың басым болуы, яғни жанашыр таныстың, достың көп болуы. Енді осы жерде дос мәселесін қозғайық, одан кейін досын көбейді ма немесе ең жақын досың бар ма?

-Дос кез-келген қоғамда өмір сүріп жатқан адамда бар. Бірақ солардың ішінде адалы қайсысы, амалы қайсысы? Әр уақытта жүйелей білу маңызды. Айналамдағы араласатын адамдардың барлығын бірдей жақын достарым деп айта алмаймын. Менің



өмірімде ондай жандар саусақпен санарлық. Олар түрлі қолдау жасайды, көмектесетін, қуанышым мен қайғымды бір адамдай бөлісуге қашанда даяр.

-Болашаққа жоспарың?

-Жиі қойылатын сұрақтардың бірі. Көбінде мен өз жоспарларыммен бөліскенді ұнатпаймын. «Ештеңе айтпа, тек таңқалдыр» деген ұранды ұстанамын. Мен әр өзгерістің күтпеген жерден болғанын қалаймын. Алайда сіздер үшін алдағы арманыммен бөлісуге қарсы емеспін. Негізі мен түскім келетін жоғары оқу орнын әлі таңдамадым, бірақ заңгер мамандығын тәмамдайтынымды бұрыннан шешкен болатынымын. Өзім шындық пен әділдікті жақтайтындықтан, жаныма ең жақыны осы.

-Малика әсерлі әңгіме болды. Сұхбат үшін көп рахмет. Алдағы уақытта тек толағай табыстар мен таусылмас жігер тілеймін. Сенің болашағына кәміл сенемін. Сендей қайсар әрі қайтпас жастар көбірек болса екен. Сенің бойындағы жиылған игі, сирек қасиеттерге қарап, таңданбасқа болмайды. Талпың, алдыға ұмтыл, биік шындарды бағындыр. Барлығы да сенің қолыңда деген сенімдеміз.

Сұхбаттасқан Айшолпан БАЯНБАЕВА,
А. БАЙТҰРСЫНОВ атындағы
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
2 курс студенті

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚҰРТҚА БЕЙНЕСІ

Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ... Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің от-жалынымен, мейірім-шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған - деп, Елбасымыз айтып кеткендей, қазақ халқы әйел қауымын ерекше құрметтеген. Қазақ әйелдері өзінің парасаттылығымен, кеменгерлігімен, керек десең ер адамдармен бірге елін жаудан қорғаған. Қазіргі қазақ әйелдеріне сонау бағзы замандағы Тұмар ханым, батырлар жырындағы Құртқа мен Ақжүніс, ғашықтық дастандардағы Баян Сұлу мен Қыз Жібек, аңыздағы Айша бибі мен Домалақ ана, ел билеген Айғаным мен Ұлпан бейнелері үлгі болары анық. Қобыланды батыр жырындағы Құртқа ару қазақ әйелдерінің ақылдылығын, кеменгерлігін, ержүректілігін бір өзі сипаттап тұрғандай.

Халықтың батырлар жырында суреттелетін әйелдер, көбінесе, батырдың сүйікті жар-жолдасы, сенімді серігі, ақылшы досы ретінде алынады. Халық әйелдер жөніндегі әділетті, турашыл көзқарасын ауыз әдебиетіне енгізгенде ақылды, білгір, дана адамдар әйелдер арасынан да шығатындығын көрсетеді. Мұндай әйелдерді ерлермен қатар қойып жырына қосады, олардың жағымды образын жасайды. Осы негізде жасалған көркем образдың бірі – Құртқа. Халық жырында Қобыланды қандай ардақты болса, Құртқа да сондай. Егер халық жыры Қобыландыны ел қорғаған, халқына қамқор болған батыр деп көрсетсе, Құртқаны ақылды, білгір, дана адам деп жырлайды.

Құртқаның аса ақылды, білгір адам екендігі оның Қобыландыға жасаған қамқорлық істерімен суреттеледі. Бұл ретте халықтың Қобыландыға айтар ақылы да, көрсетер көмегі мен қамқорлығы да осы Құртқа арқылы берілген деуге болады. Құртқаның осындай ақылды, білгір адам екендігі Қобыландыға керекті тұлпарды, қару-жаракты даярлап беруінен басталады. Мұны ол батырдың даңқын көтеру үшін емес, ел қамын ойлағандықтан жасайды. Құртқа ару көріпкелдігімен Қобыланды батырға Тайбурыл атты баптайды. Жырда:

«Жеміне қосып, қыз Құртқа,
Қызыл дәрі жегізді.
Бурылға қыз Құртқа
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен су берді,
Дәрілеген жем берді» -

деп Құртқа арудың Тайбурылды жас сәбидей бағып-қағып өсіргенін ерекше суреттейді. Тайбурыл Қобыланды батырдың сенімді серігі. Сын сағатта тіл бітіп, адамша сөйлеп Қобыланды батырға ақыл айтады.

Қараман келіп, Қобыландының Қазанға қарсы аттануын өтінеді. Қобыландының: «Бұл сапарға барар-бармасымды үйдегі Құртқа біледі», - деген сөзін естігенде, Қараман оған тіл тигізеді. Қараманның бұл сөзіне қатты ызаланған Қобыланды Құртқаның басын алмақ болып аулына шаба жөнеледі. Осы бір қысылшаң шақта, Құртқа: «Ақылмен ойлап, жол табады», - батырдың алдынан бүкіл қару-жарағын және Тайбурылды алып шығады. Сөйтіп батырдың ашуын таркатады.

Қазанға қарсы аттанбақ болып тұрған Қобыландыға Құртқа ақыл айтады, Қараманның қандай адам екендігін сипаттап береді және осы сапардан қашан ораларын, ел-жұртының қандай күйге ұшыраған кезінде қайтып келерін болжайды. Кейіннен Құртқаның болжаулары шын болып шығады.

Ашумен өлтірем деп келген Қобыланды:

Құстың жүні мамықты,
Арпа, бидай қабықты,
Асыл туған қыз Құртқа,
Мені көріп қамықпа,
Қараңғы түнек ішінен,
Шығармын мен жарыққа;
Осы кеткен сапардан,
Есен барып, сау келсем,
Әйел де болсаң басыңды,

Хан қылармын халыққа, - дейді. Құртқаның ақыл иесі адам екендігін батырдың өзі де мойындайды.

Жырда тағы бір көне наным, яғни алдағыны болжай алатын шаман туралы ұғым Құртқаның бейнесін ашу үшін жұмыс істеп тұр. «Құртқа» деген сөз ежелгі түркі тілінде «көріпкел, болжағыш» деген ұғымды білдірген. Демек, жырда бұл есім өзінің ежелгі мағынасын сақтаған бейне ретінде көрінеді.

Алдағыны болжай алатын ерекше керемет қасиеті бар. Осы қасиетінің арқасында ол өзінің күйеуін алда небір қауіпті жағдайлар бар екенін айтып, сақтандырады, оған әрдайым кеңес беріп, қажетті жерде батырдың ақылшысы да болады. Құртқа – жай әйел емес, ерекше жан екені эпоста бірнеше рет айқалалады.

Құртқа Қобыландының достары мен дұшпандарының алдында абыройы түспеуін де қатты ойлайды. Алшағырдан ел-жұртын босатуға келген кезінде, алдынан шыққан Құртқаға Қобыланды сағыныш сезімін білдіреді. Батырдың мұнысы аңғалдық екенін білген Құртқа: «Әуелі жау қолынан ел-жұртыңды босатып ал, олай етпей тұрып, менімен болып кетсең – досқа күлкі, дұшпанға таба боларсың, елің босатпай жатып, әйелімен кетті деген сөзге қаларсың », - деп ақыл айтады. Жұрт алдында батырдың өсек сөзге ілікпеуін, абыройы түспеуін қарастырады.

Тағы бір мысал: Мұрын жыраудың жырында

Алшағыр хан той жасап Қобыландыны қонаққа шақырады, тойда ат жарысы болатындығын хабарлайды. Тойға барар алдында Құртқа Қобыландыға мынадай ақыл береді: «Алшағыр хан сені сынамақ, ретін тапса, сені бала деп мазақ етпек. Сен өзінді ханнан кем ұстама, алдыңнан қыз-келіншек, бозбалалар шықса, оларға қарама, хан ордасына тура тарт та, төріне отыр. Ал шабысы болса, бәйгеге қосатын тұлпарыңа өзін мінбе, басқа бір баланы мінгіз», - дейді. Құртқаның ақылдылығы, даналығын осы тұста ерекше көрінеді. Сол кездегі қазақ халқының дана әйелдерді де ерекше құрмет тұтқанын, сыйлағанын көруге болады.

«Қобыланды батыр» жырында Құртқадан бөлек Қарлыға есімді қалмақтың қызы да бар. Қарлыға Қобыландыны жақсы көріп, оны жаудан сытылып кетуіне жағдай жасап, әкесі мен інісін құрбан етеді. Сол себепті Құртқа ару Қобыландыға жасаған жақсылығы үшін Бөкенбайды Қарлыға аруға жұмсарда, өлтірмей, қалайда тірі әкелуді әдейі тапсырады:

Айналайын Бөкенбай,
Салғын құлақ сөзіме.
Шамаң келер күн болса,
Қарлығадай сұлуға
Қан жұтқызбай ауызына!
Көп жақсылық іс қылған
Көкеңнің дағы өзіңе.
Жазым жерде мерт қылсаң,
Өкпелермін өзіңе,
Тапсырғаным осынша,
Өлгенше көрмең жүзінді,-
дейді. Құртқаны бұлай суреттеуде, бір-ақ мақсат: «Жақсылыққа жақсылықпен» жауап беру.

Құртқа тек қана батырдың көмекшісі емес, елдің адал ұлдарымен тең түсіп, ел намысының жыртысын жыртысушы, елдің адал қызы. Жаудың елге жасаған жәбірі оған да ауыр қайғы болып тиеді. Ел қамын жеген ұлдармен қатар Құртқа да ар-намыс, ел кегін бірінші орынға қояды. Құртқаның:

Қозысы өлген саулыққа
Қой теліген барлық-ты,
Ботасы өлген інгенге,
Нар теліген зорлық-ты,
Кәбірден көрдім қорлықты,
Сұлтаным келіп саламат,
Кәпірге салып әлемет
Осы жалған дүниеде,
Өлер едім армансыз,
Алаулаған қалмаққа
Өзінікін келтіріп,
Бір көрсетсе қорлықты,-
деген сөзінен, өз елін жаулап алушыларға қарсылық, өшпенділігінің қандай дәрежеде екендігін анық көруге болады.

«Қобыланды батыр» жырының тағы бір нұсқасында Құртқа бейнесі айрықша көрінеді. Қобыланды жорықта жүргенде өз Отанын жау алып, ата-анасы мен қарындасын құлдыққа салып, әйелі Құртқаны Алшағыр хан тоқалдыққа алмақшы болады. Болған жағдайды естіп Қобыланды көмекке асығады, отбасы тұтқында отырған қалаға келеді. Құртқа өзі бағып өсірген Тайбурылдың кісінегенін естіп, Алшағырға сыртқа шығып, таза ауада

серуендегісі келгенін айтады. Қасына біраз күн қыздарды ертіп, тезек теруге шығады, сол жерде Қобыландыны тексеріп көргісі келеді, жырда келтірілгендей:

"Ала қапты төрт бүктеп,
ішіне тықты қыз Құртқа,
Қобыланды ерді сынамақ"...

Екеуі кездеседі, Құртқа сұлу сынамақ болып ала қапты ішіне салып, «тұтқында жүріп жүкті болып қалғанын» айтады да, «Жаудың баласын не істейсің, сұлтаным?» деп сұрайды. Жырдың осы нұсқасында Қобыланды қызуқанды, ашуланшақ, достарының жетегіне ере кететін адам етіп суреттелген. Достарының бірі Қараман, тіпті, Қобыландыны жорық қызығына түсуді айтып азғырады. Қобыланды Құртқаның ақылымен келісім бермей қойған кезде «қорқақ», «қатынсың» деп айтқанына көндіреді.

Шығармашылық қиял ма? Керісінше тарихи шындық болар. Шыңғысхан да Бөрте тұтқында жүкті болып келген соң туған Жошыны ұлым деп қабылдады, ал былайша айтқанда, тек Бөртенің осы ұлынан туған ұлдар ғана атақты ханның мұрагерлері бола алды. Қобыланды батыр жарын «Арынды сақтап неге өлмедің, атқа мініп қала сыртында тайрандап жүрсің, неге тұтқыннан қашып кетпедің» деп жазғырған жоқ. Ол жауапкершілікті өз мойнына алды. Қазақтың дәстүрлі адамгершілік мінезі осыдан көрінеді.

«Егер жастығынан батырдың ақылы толысып жетпесе, оның жары дана, ақылды болып шығады» - деп Мұхтар Әуезов айтқандай, «Қобыланды батыр» жырында Құртқа ару халықтың ең тандаулы, ақылды әйелдің бейнесі. Құртқа аруды дәріптеудегі басты мақсат - қазіргі қазақ қыздарына Құртқаны үлгі ету.

Данияр ИХСАН,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық
университетінің студенті



Қазақ халқының тектілігін тірілту - рухани жаңғырудың басты мақсаты

Қазақ халқының тектілігін тірілту - ұлттық болмысымызды қалпына келтірудің алғышарты, рухани жаңғырудың басты мақсаты екеніне ешкім дауласа қоймас. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқының ұлы тарихын терең зерттеп, мұқият талдау жасап, батыр әрі данышпан бабаларымыздың тағылымы мол өмірлері мен керемет ерліктерінен және мағынасы мұхиттай терең өсиет сөздерінен көп үлгі – өнеге алып, «ұлтымыздың мүдделерін қорғау және сүйікті Отанымыз Қазақстанның мәңгілік ел болуын қамтамасыз ету» - негізгі мақсатымыз екенін ескере отырып, қазақ халқының тектілігінің басты белгілерін атап өтуді және дана халқымның пікірін білуді жөн көрдім.

Мәпелеп өсірген аяулы анасы мен асқар таудай әкесін балалары ерекше құрметтесе, ақыл - кеңестерін ықыласпен тыңдап, бұлжытпай орындаса, ұлдары мен қыздары дені сау, білімі терең, мінезі көркем, адамгершілігі мол, мейірімді, ұлтжанды азамат болып қалыптасып, сүйікті ата-анасының ұрпағына сіңірген еңбектерінің жемісін көрсетсе, әке-шешесі мен бірге туған бауырларына әрдайым қамқорлық жасап жүрсе, қазақ елінің көркеюіне мол үлес қосып, әулетінің мақтанышына айналса, жігіттер ержеткен соң текті жерден шыққан және келін болып түскен әулетке дені сау, өте білімді, адамгершілігі мол, саналы ұрпақ сйлауға және «келіннің парыздарын» толық орындауға күш - қайраты, ақыл - ой парасаты мен жан дүниесінің рухани байлығы жететін жас әрі сұлу қазақ қызға үйленсе, ал қыздар бойжеткен соң денсаулығы мықты, білімі терең, ұстамды, ұлтжанды қазақ жігітке тұрмысқа шықса және тепсе темір үзетін қайратты, ерекше ақылды ұлдар мен қыздарды жарық дүниеге әкеліп, балаларына терең білім мен өнегелі тәрбие беріп, әкесі мен анасына сүйкімді немерелер сүю бақытын силаса, үміттерін ақтаса, есейіп кеткенде де ата-анасына арналған сәбилік махаббатын өшіріп алмай, жүрегінің ең төрінде өмір бойы сақтаса, қартайған аяулы әке-шешесін ұлдары мен келіндері мәпелеп бағып отырса, ақ баталарын алса, әрбір қазақ баласы ата-анасының алдындағы перзенттік парызын толық орындайтын болса - бұл тектіліктің бірінші белгісі.

Әрбір қазақ баласы бірге туған бауырлары мен жақын туыстарын аз уақыт көрмесе, керемет сағынып көрісетін болса, бір тілім нанды бауырларымен бөліп жесе, туыстық ыстық сезімді суытып алмау үшін сыйластықпен өте жиі араласып тұрса, бірінің қуанышына бірі қуанып, бірінің қамын бірі ойлап жүрсе, бауырының әр баласын өз баласындай жақсы көрсе, бауырлары



аш отырса, тамағынан ас өтпесе, бауырлары мұңайып жүрсе, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылса, бірге туған бауырлары мен жақын туыстарының мүдделері мен абыройын өзінің мүддесі мен абыройынан биік қойса, бауырлары мен туыстарының алдындағы туыстық парызын қазақ жастары толық орындайтын болса - бұл тектіліктің екінші белгісі.

Әрбір ата-ана күн сайын жақсы үлгі - өнеге көрсетіп, ұлдары мен қыздарының жүрегіне адамгершілік қасиеттердің дәнін сеуіп, ары мен ұятын өте биік ұстауға, атасы мен әжесін ерекше құрметтеуге, айтқан ақыл-кеңестерін мұқият тыңдауға, үкілі үміттерін ақтауға, немерелік парыздарын абыройлы орындауға сәби кезінен тәрбиелесе және туған жері мен елін жаудан қорғау кезінде батыр бабаларымыз көрсеткен ғажайып ерліктерден мол үлгі-өнеге алуға, дана бабаларымыздың мағынасы мұхиттай терең өсиет сөздерін түсініп, мүлтіксіз орындауға балаларын жастай баулыса, «малымнан – жаным қымбат, жанымнан – арым қымбат, ал жанымнан да, арымнан да ең қымбат - кіндік қаным тамған туған жерім қымбат, жалғыз Отаным, Қазақстаным қымбат,

қазақ халқының басына қонған бақ - елімнің мемлекеттік тәуелсіздігі қымбат және өз ұлтым, қазағым мен ана тілім қымбат»-деген қасиетті ережені баласының санасы мен жүрегіне сіңірсе және «туған жері мен елін жаудан қорғау, қазақ халқының ұлттық болмысын қалпына келтіру, тектілігін тірілту, ұлттық рухын ояту, абыройын асқақтату, қазақ халқының тарихын терең зерттеу және қастерлеу, мемлекеттік тәуелсіздігімізді сақтау, еліміздің экономикасы мен қазақ халқының тұрмыс жағдайын дамыған мемлекеттердің деңгейіне дейін көтеріп, Қазақстанды керемет көркейту, ұлтымыз бен елімізді дүние жүзіне мойындату» қазақ жастарының қасиетті парызы екенін балаларына жалықпай үйретіп, ұрпағын денсаулығы мықты, адамгершілігі мол, мінезі көркем, білімі өте терең, Отаны үшін намысты қолдан бермейтін ұлтжанды азамат етіп өсірсе, әрбір қазақ әке немесе ана болу парызын абыройлы орындайтын болса-бұл тектіліктің үшінші белгісі.

Отаны үшін отқа күйден тайсалмаса, қазақ халқына адал қызмет жасау, елін көркейту және ұлтының мүддесін абыройлы қорғау үшін барлық қиындықтарға төзсе, туған жері, елінің тәуелсіздігі және қазақ халқының жарқын болашағы үшін жеке басының мүдделерін құрбандыққа шалуға әрқашан дайын болса, қазақтың жігіттері ар-ұяты мен намысын өте биік ұстап, нағыз адам деген атаққа лайық өмір сүрсе, жауымен арыстанша арпалысып, намысты қолдан бермеген бабаларымыздың мықты рухы мен атақ – даңқын тірілтсе, әрбір жігіт қазақ халқының алдындағы қасиетті парызын толық орындаса - бұл тектіліктің төртінші белгісі.

Қазақ қызы жеке басының ары мен ұятын кіршіксіз таза ұстап, он екіде бір гүлі ашылмаған күйінде өз ұлтына тұрмысқа шықса, өзін ер азаматтан әрдайым төмен ұстап, отағасын ерекше құрметтесе, күйеуіне жар сүю ләззәті мен бала сүю бақытын силаса, қайын атасы мен енесін туған қызындай жақсы көріп, барлық талаптарын бұлжытпай орындаса және денсаулығы өте мықты, атқа мінер немерелердің жарық дүниеге келулеріне себепкер болып, қайын атасы мен енесіне ата мен әже атану бақытын силаса, балаларына пайдасы зор сапалы білім беріп, абыз бабаларымыздың тағылымы мол өмірі мен мағынасы өте терең өсиет сөздерінен мол үлгі-өнеге көрсетіп, ұлдары мен қыздарын асқар таудай әкесін ерекше құрметтеп, өмірден түйгені мол дана атасы мен мейірімді әжесін керемет силап, айтқан ақыл – кеңестерін бұлжытпай орындайтын, үкілі үміттерін ақтайтын ақылды азамат етіп тәрбиелесе, халқына пана, еліне қамқор болатын, аяулы ата-анасы мен әулеттің абыройын биікке көтеретін, намысты қолдан бермейтін ұлтжанды, саналы, дені сау, жан дүниесі рухани бай, қайратты ұрпақ өсіріп беріп, «келіннің парыздарын» толық орындап шықса, қайын атасы мен енесінің ақ баталарын алса, қайын жұртының үкілі үміттерін ақтаудың арқасында құдаларының алдында өзінің ата-анасының өте сыйлы болуына өз үлесін қосып, перзенттік борышын да абырой-

лы өтесе, қазақ халқына батыр да, данышпан да сыйлаған ару аналарымыздың даңқын тірілтіп, рухын оятса бұл тектіліктің бесінші белгісі.

«Кең байтақ туған жерімізде бақытты өмір сүріп жүргеніміз, дербес мемлекет және егемен қазақ елі ретінде бүкіл дүние жүзіне танымал болғанымыз, ұрпағымыз ана тілінде білім нәрінен сусындап, ұлттық рухани құндылықтарымыз бен қазақ халқының даналығы мен тектілігін жастарымыздың жүрегі мен санасына сіңіріп отырғанымыз және өз байлығымызға өзіміз ие болып, қазақ елін басқару тізгіні өзіміздің қолымызға тигені» бұл біртұтас ұлт болып айрандай ұйып, ұлттық болмысымызды сақтап, бірлігіміз бен татулығымызды өте мығым ұстап отырғанымыздың арқасы екенін әрбір қазақ баласына кемеңгер қариялар мен ұлағатты ұстаздар жастай үйретсе және ұлттың болашақ тағдыры мен мүддесін көзінің қарашығындай қорғауға дайын болуға жастарды баулыса, жігіттер мен қыздарға ұлттық болмысы мен ана тілін сақтаудың, ұлттық санасын дамытудың халқының болашағы жарқын болуы үшін қаншалықты маңызды екенін жеткізіп түсіндірсе, әрбір қазақ баласы қазақ болып туғанына мақтанып, қазақ деген қасиетті атақты өмір бойы абыройлы алып жүрсе, елімізге жау келер болса, туған жеріміз бен халқымызды дұшпаннан қасық қаны қалғанша бірге қорғайтын тек қазақтар ғана болатынын жастар естерінен шығармаса, қазақ баласы бірінбірі бірге туған бауырындай керемет жақсы көрсе, кішісі үлкендерін ағасындай (әпкесіндей) құрметтесе, ал үлкені өзінен кішілерге інісіндей (қарындасындай) қамқорлық жасаса, ұлтының мүддесі үшін өз мүддесін құрбандыққа шалуға әрбір қазақ баласы әрқашан дайын болса-бұл тектіліктің алтыншы белгісі.

Бойында жаратушы Раббымыз берген дарыны бар қазақ баласы ерекше қабілетін жеке басының мүддесі үшін пайдаланбай, мол табыс табудың көзіне айналдырмай, опасыз дүние байлықтың соңына түсіп, киелі талантты өткінші ку тірліктің құлы ретінде қорламай, керісінше, ақындар жастардың ұлттық рухын оята алатын, рухани азғындай бастаған жігіттер мен қыздардың бойларындағы пендешілік сезімдерді қуып шығып, жүректеріне имандылық сезімдерді ұялататын, ақымақты ойландырып, намыссызды жігерлендіретін, ұятсызды жылатып, ұлттық болмысын қалпына келтіретін мағынасы мұхиттай терең отты өлеңдер ұсынса, жазушылар батыр бабаларымыздың тағылымы мол өмірлері мен таңғажайып ерліктерін терең зерттеп, майын тамызып жырлап берсе, қазақ халқының тектілігі мен даналығын тірілтсе, жастардың тарихи жадын кеңейтсе, ұлттық рухын оятып, ұлттық намысын қайраса, ғалымдар қазақ еліне тигізер пайдасы орасан зор ғылыми жаңалықтар ашып, Қазақстанның экономикасының қарқындап дамуына сүбелі үлес қосса, қазақ елінің ғылымын бүкіл әлемге мойындатса, әрбір қазақ баласы бойындағы табиғи дарынын қазақ халқының абыройын асқақтатуға, Қазақстанның атақ – даңқын асқар таудай биікке көтеруге, ұлтының мүддесіне

адал қызмет жасауға пайдаланар болса-бұл тектіліктің жетінші белгісі.

Орыс империясының құлдығында қорлау мен зорлаудан сорлап отырған қазақ халқын бодандықтан босату үшін азаттық күрес жолына ғұмырын толық арнаған батыр бабаларымыздың ерліктерінен әрбір қазақ баласы керемет рухтанып, қазақ халқына сіңірген еңбектерінен ұзақ жылдарға рухани азық болардай үлгі - өнеге алса, ұлы бабалар алдындағы ұрпақ парызының батпандай ауыр салмағын толық сезініп, ерліктерін ойланбастан қайталауға жігіттер мен қыздар әрқашан дайын жүрсе, ұлтының қамын ойлап, туған жерімізді қазақ халқы бақытты өмір сүретін жер жаннатына айналдырудың сара жолын көрсетіп кеткен данышпан бабаларымыздың

айтқанына көніп, қазақ халқының жартысына жуығын жасанды аштық ұйымдастырып, қырып тастамас үшін болған тарихи қателіктерден жастар мол сабақ алса, маңызды қорытындылар жасаса, тарихи жадын кеңейтсе, туған жері мен елін жаудан қорғау кезінде батыр бабаларымыз көрсеткен ерліктерден көп үлгі – өнеге алса, Отанын сүюді, туған жері мен қазақ халқын жаудан қорғауды және орынды айтылған әділ сөзге тоқтауды даңқты бабаларынан үйренсе, бабалар аманатына адал болса және абыз бабаларының мағынасы мұхиттай терең өсиет сөздерін толық түсініп, жеке басының өмір сүру ережесінің басты қағидалары ретінде пайдаланса, ғалымдар ашқан маңызы орасан зор ғылыми жаңалықтарды, заманауи техникалар мен инновациялық озық технологи-



өсиет сөздерінің мағынасын толық түсініп, жастар бұлжытпай орындаса, бабалар аманатына адал болып, туған жерін, қазақ халқын, егемен қазақ елін, ана тілін, төл мәдениетін, рухани құндылықтарды, бабаларымыз көре алмай кеткен мемлекеттік тәуелсіздігімізді жігіттер мен қыздар көзінің қарашығындай сақтап, келесі ұрпаққа абыроймен табыстаса және ұлтының жарқын болашағы үшін өлшеусіз еңбек сіңіріп, өшпейтін із, өлмейтін сөз қалдырған, қазақ елінің тарихында есімдері алтын әріптермен жазылған бабаларымыз бастаған ұлы көштің соңынан еруге қазақ жастары жараса, халқының ұлы тарихының негізін қалаған кемеңгер бабаларымыздың алдындағы ұрпақ парызын әрбір қазақ баласы абыроймен орындаса-бұл тектіліктің сегізінші белгісі.

Әрбір қазақ баласы туған жеріне қорған, еліне пана, халқына қамқор болып, егемен қазақ елін көркейтуді қасиетті борышы санаса және мақсатына жетуіне көмегі өте мол жақсы қасиеттер мен ерекше қабілеттерді бойына жинау үшін, ұлтына тигізер пайдасы орасан зор шынайы білімді санасына сіңіру үшін мың өліп, мың тірілген қазақ халқының ұлы тарихын мұқият эрттесе, халқының басынан өткен өте қайғылы тарихи оқиғалардың орын алу себептеріне терең талдаулар жүргізсе, болашақта қазақ халқы ешқашан бодандыққа түспес үшін, ұлтының қамын ойлаған абыз арыстарын «халық жауына» теңеп, өз қолымен ату жазасына бұйырмас үшін, империя басшыларының айтағына еріп,

яларды жетік меңгеріп, Қазақстанның экономикасын өркендетуге ұтымды қолдана білсе, жастар ұлттық санасы кемелденген, ұлттық рухы мықты, өте білімді, ұлтжанды азамат болып қалыптасса, қазақ халқының абыройын асқақтатып, Отанымыз Қазақстанның мәңгілік ел болуына өзінің қомақты үлесін қосса, жігіттер мен қыздар саналы өмірін ұлтына қалтқысыз қызмет жасауға арнайтын болса - бұл тектіліктің тоғызыншы белгісі.

Көп сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытындыласақ, қазақ халқына жойылып кету қаупі төніп тұрған заманда, қазақтың кең байтақ жеріне алпауыт мемлекеттер көзін тігіп, қызғанышпен қарап тұрған заманда қазақ халқының болашағы жарқын болуын ойласақ, бір де бір жаудың аяғы қазақтың жерін таптамауы үшін, қазақ елінің «мәңгілік ел» болу арманы орындалуы үшін, сүйікті Отанымыз Қазақстанды дендері сау, саналы, білімді, ұлтжанды ұрпағымыз бақытты өмір сүретін жер жаннатына айналдыру үшін қазақ халқының тектілігін жастардың санасы мен жүрегіне сіңіру-бұл алтын ұя мектеп пен ұстаздардың басты міндеті, ал әрбір саналы ата-ананың негізгі парызы екенін естен шығармайық, қадірлі ағайын.

Нұрлыбай АБАТОВ,
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты

Кешегі студент, бүгінде оқытушы

Өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін шет ел тілдерін меңгерген қоғамдық көзқарасы бар қазақстандық - біздің қоғамымыздың идеалы. Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экологиялық және әлеуметтік саларындағы өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл жайында елбасымыз, 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Қазақстан халқына жолдауында айтып өткен болатын.

Көз ілестірмей дамып келе жатқан бүгінгі заманда білім, ғылымға аса көп көңіл бөлінуде. Бүгінгі жас буын ертеңгі елдің жолын жалғар тұлға болғандықтан оларға қойылатын талап - өз дәстүрін білетін, білімді бәсекеге қабілетті ұрпақ болу. Елімізде қазіргі таңда үш тілді жетік білу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Әрбір қазақстандық маманға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру жүктеліп отыр. Бүгінде ағылшын тілі ешкімге шаң жұқтырмай, алда келеді. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет т.б. әлемнің түрлі саласында дәл осы ағылшын тілі қолданылып, көптеген әлемдік жобалар, саяси кездесулер мен жиындар ағылшын тілісіз өткен емес. Сондықтан Қазақстанда ағылшын тілін білу міндеті қойылып жатқандығы өте дұрыс деп санаймын. Ең қуаныштысы қазір үш тілді еркін меңгеріп, білімін шыңдап жүрген жастарымыздың қатары көбейіп келеді. Сондай, шет ел тілдерін меңгерген, білімді, қазіргі таңда А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде ағылшын тілінен сабақ беріп жүрген Мұхамбетжанова Роза Сейтқалиқызы жайында сөз қозғағым келіп отыр.

Ол кісі 1993 жылы 5 ақпанда Қостанай облысы Арқалық қаласында дүниеге келген. Отбасылық жағдаймен үшінші сыныпта Қостанай қаласына қоныс аударады. Қостанайдағы С. Мәуленов атындағы мектептің түлегі. Одан әрі білімін жалғастырып Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында "шет тілі: 2 шет тілі" мамандығына түсіп, оны 2014 жылы тәмәмдаған. Қазақ, орыс, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген. Сол жылы 20 - шы мектепте алғаш ағылшын тілінің мұғалімі ретінде қызмет атқарады. Кейін, 2015 жылы Қостанай мемлекеттік университетіне мамандығы бойынша магистратураға түседі. Оқып жүріп қосымша курстарда сабақ беріп, "Жібек жолы" бағдарламасы аясында аудармашы қызметін атқарған болатын. Роза Мұхамбетжанова 2016 жылы білімін жетілдіру мақсатымен Чехия еліне оқуға барады. Чехияда 1 жылға жуық білім алып, 2017 жылы елге қайта оралды. Сол жылы магистрлік диссертациясын ағылшын, француз тілдерінде қорғап, университетімізге ағылшын тілінің маманы ретінде жұмысқа орналасады. Қазіргі таңда "Тарих", "Аграрлық биология", "Инженерлік технология" факультеттеріне



ағылшын тілінен, орыс және қазақ топтарына сабақ береді.

Қарапайым қазақы отбасында өсіп, қазақы тәрбие алған жас маманымыз салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын, тілін өте қатты құрметтейтінін айта отырып, "Озат және қоғамдық көзқарасы бар қазақстандық жастар ең алдымен талапты, ізденпаз, еңбекқор болуы керек. Қазір жастар бәсекеге қабілетті бола білуі қажет. Себебі бұл қоғам талабы, бәсекеге қабілеттіліктің арқасында өзінің білімін, еңбекқорлығын арттыра алады. Бүгінгі дамыған заманда жанталасып еңбек етпесек, білім алмасақ бәрінен артта қалып қоямыз, сондықтан бәрін білуге талпынып, әрқашан ізденіс үстінде жүрейік", - дейді, оқытушымыз. "Көп тіл білген көпті ілер" демекші, өзге тілді жақсы меңгеру, болашақта белгілі бір көзқарасы орныққан, тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлесін қосатын, білімді ұрпақ болып қалыптасуымызға өз септігін тигізері анық. Қорыта келе, Роза Сейтқалиқызы сынды өз ата - дәстүрін сақтап, қазақ тілін дәріптеп, жан-жақты білім алып жүрген білімді мамандарымыз көп болғай деп тілек білдіргім келеді.

Сағыныш ЖАРАСҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті

Жас қаламгер

-Қайырлы күн!

-Жалпы мен Қызылорда облысы Қазалы ауданының тумасымын. Кейіннен Орал қаласындағы Жәңгір хан университетінде экономика факультетін бітіргенмін.

-Шынымды айтсам мен мектеп жасында кітап оқымадым. Сегізінші , тоғызыншы сыныптан бастап анам кітапханаға апарды. Шыны керек ойын баласы асық ойнағың келеді. Кейіннен кітапханаға барып балалар әдебиетін оқи бастадым.

-Шетел әдебиетінен Томсеннің «Жануарлар туралы» кітабын, ал Қазақ әдебиетінен «Тазша баланы» оқыдым. «Тазша баланы» сегізінші сыныпқа дейін оқу ойыма да кірмеptі.

-Мен дәмдес болып, көріп жүрген кісілердің арасында бір әңгіме бар. Қазіргі қазақ әдебиетінің проза саласы негізінен Кеңес одағы кезінде жасалған. Осы 1920 жылдан кейінгі әдебиетті түгелдей өртеп жіберу керек. Себебі КСРО кезіндегі саяси лагер жүйесі идеологиядан тыс нәрсені жаздырмаған.



-Демек «Ауру қалса да әдет қалмайды» дегеніңіз ғой?


-Ал ең алғашқы жазған кітабыңыз жайлы айтсаңыз.

-Сіздің шығармашылығыңыздың негізі не немесе шығармаларыңыздың мұрат-мақсаты нені көздейді?

–Негізінен жастарға арналады. Олар не себепті Кеңестік кезеңдегі хандарымызды жамандаған шығармаларды оқуы керек? Негізгі әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін біріктіріп жақсы дүниелер жазу.

-Туындыларыңыздың сынға ұшырап немесе бағаланған сәттері жайлы айта отырсаңыз.

-Сынға ұшырау жайында. Патшалар һәм



Падишахтар құпиясы романы қоғамда идея қалыптастырып үлкен жарылыс болды деп айтуға болады. Десе де Кеңес кезіндегі кейбір жазушылар «жиырмадан енді асқан жігіт неге роман жазу керек, елудегі мен алғашқы кітабымды енді шығарып отырмын», - деген болатын. Сол кезде мен «Алты айда алты кітап» жазамын деп алдыма мақсат қойдым. Негізі оған дейін ондай ойым болмаған-ды.

-Сол сөзіңізде тұрдыңыз ба?

-Иә, алты айда алты кітап жаздым. Таныстырылуына үлкен әдеби кеш болып, әлгі жазушы да келді. Тұсауын Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі, жазушы Болатқали Төлебаев кесті.

Кітаптарым 2017 жылы жастар арасында әсіресе тарих оқығысы келетін оқырмандар арасында кең тарады. 2018 жылы тағы да баспаға бермек ойым бар.

-Патшалар һәм Падишахтар құпиясы (тыйым салынған кітап) романын жазуыңызға не түрткі болды?

-Роман туындауына Әлем әдебиеті мен біздің тарихымыздағы көңілге қонбайтын дүниелер болды. Көбінде Қазақ хандарын қаралау деген ой қалыптасты. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» триологиясын екінші кітабынан кейін оқығым келмей кетті. Өрине ол кезде цензура болды, бірақ қазір шындықты жеткізуіміз керек.

Кітапта негізін Қазақ хандары соның ішінде көбіне Қасым хан жайлы баяндалады. Қасым хан 1521 жылы Сарайшықта ноғайларды бағындырады. Батыста Түріктің Сұлтан Сүлеймен Қасымға Қырымға қарсы одақ құрмақ болды. Бірақ Қасымға қарсы келмеді себебі од агрессиялық саясат ұстанды. Тіпті III Василий де Қасымға елші жіберіп достық қарым-қатынас ұсынды.

Көпшілік авторлар қазір шаң басқан архивтерді зерттейді. Бірақ олар кімге қызық? Менің ойым Архив пен Әдебиетті біріктіріп күшті дүниелер шығару.

-Қазір қандай жаңа дүниелер жазып жа-

тырсыз?

-Қазақстан телеарнасына берген сұхбатымда уәде берген болатынымын бұдан да жақсы дүниелер жазамын деп. Оның ішінде романтика, тарих, хандар, империялар, бүкіл әлем гауһары болады.

-Рухани жаңғыру жайлы өз ойыңызды айтып өтсеңіз.

-Рухани Жаңғыру Елбасымыз жариялаған жақсы бастама. Бірақ өз өткен тарихымызды түбегейлі қорытып алмай Рухани жаңғыра алмаймыз. Сіз емделмес бұрын тексерілмейсіз бе? Сол секілді дұрыс диагнозды тарихты зерттеу арқылы қоя аламыз.



-Тарихшы ретінде латын графикасына қалай қарайсыз?

-Латынға көшу заман талабы. Дәл қазір өту керек. Тәуекел түбі жел қайық. Алғашқы қиындықтарға қарамастан шыдауымыз керек. Бізден басқа өткен Түрік елдері қазір бір-бірін түсінеді осы арқылы өз ғылым-білімін дамытып отыр. Ал мына Кирилл мен Мефодийдің графикасы біздің ақпаратты анық әрі дұрыс қабылдауымызға кедергі.

-Сізге үлкен шығармашылық табыл тілеймін. Өңгімеңізге рахмет.

-Рахмет.

Сұхбаттасқан Нұрсұлтан САБЫРЖАН

Аққұба, бидай өңді, қынай белді

Айтыскер ақын **Ақсұлу Орысбайқызының**
туғанына 145 жыл

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатқан заманда тат басқан асылдарымыз да шаң-тозаңнан аршылып, қалың елмен қауышып жатыр. Азапты тағдырдың уын жұтып, сағыныштың запыранынан сарғайып, қорлықтың салмағынан көз жұмған Ақсұлу Орысбайқызының өмір жолынан қалың оқырман әлі де бейхабар. Қамшы сабындай қысқа ғұмырының ішінде ақын қыз артына көп мұра қалдырған. Соның ішінде хатқа түскен өлеңдері бір төбе болса, айтыс өлеңдері бір төбе.

Ақсұлу 1873 жылы Жітіқара ауданына қарасты қазақ ауылында туған. Айтыста суреттелген кескін-келбетіне назар аударсақ, ақ құба, бидай өңді, қынай белді, қиғаш қас, сүмбіл шаш нағыз арудың бейнесін көреміз. Ақын қыздың өскен ортасы жағалбайлы ішіндегі Балқожа әулеті өлең-жыр десе ішкен асын жерге қояды екен. Әкесі Орысбайдың шағын дәулеті болған, жас күнінен сал-сері атанған. Араб жазуымен ерте хат таныған, көзі ашық ақын қыздың жан-жақты жетілуіне оның ұстазы Ақмолланың да көп әсері болған. Қазақ, башқұрт, татар халықтарының ортақ ақыны атанған Ақмолла Желкуарға келіп, қарағайдан қиып, үш бөлмелі мектеп үйін салғызған. Бұл ауыл қазіргі Жітіқара қаласының іргесінде болғаны белгілі. Ақмолла Орысбай ауылында Ақсұлудай зерек шәкірттеріне Құран аяттарын жаттатумен бірге орыс, араб, парсы тілдерін үйреткен, сонымен бірге өлең жазу теориясын да оқытқан. Ол өзінің Ақсұлу қызға арнаған өлеңінде де:

*«Ақ бетің айдың көлдің алабындай,
Шаһирдың қасын сұлу қаламындай,
Қып-қызыл екі бетін алқызыл гүл,
Талқала, Троискінің қаласындай.
Топ жарған, үкілеген жүйрігімсің,
Оқытқан шәкіртімнің арасында-ай.
Еліңнің жақсыларын бір дәріптеп,
Сайрашы сандуғаштың баласындай»,* – деп

шәкіртіне үлкен баға береді.

Ел еркесі болып, ешкім бетін қақпай өскен ақылды қыздың өмірі ерлік пен өрлікке, өкініш пен өкіске толы.

Қазіргі Орынбор мен Челябин облыстарының шекарасында, яғни, Ор суы мен Ақ Жайықтың екі ортасында орналасқан Мұқыр өлкесінің болысы Ермағамбет те елге белгілі ақын екен. Ол Орынбордың атты әскерін мыңдаған жағалбайлы жылқысымен қамтамасыз етіп отырған атақты шоңжар болған. Бірақ, «жылқысын көптігінен баға алмайтын» жағалбайлының үйір-үйір жылқысы сол маңайға қоныстанған казактардың еккен егінін жиі-жиі таптап кететін болғандықтан, станицалар

мен қазақ ауылдары арасында егес туа бастаған. Осындай егеске болыстың өзі де араласып, жылқысын айдап алған атаманға қарымта қайтару мақсатымен Қызыл қаласына өрт салады. Екі елдің арасын ушықтырмас үшін Ақсұлу бір тойдың үстінде болысқа өзі соқтығып, әйгілі «Орыстың бетке сокпа орыстығын» деген жырын айтады. Бұл айтыста ақын қыз жеңіске жетеді.

Ақсұлу көпшіліктің өтініші бойынша өз ұстазы Ақмолла ақынмен бірнеше мәрте айтысқаны туралы да деректер кездеседі. Бірақ, бұл айтыстар да ел аузында түгел сақталмаған. Алайда, осы айтыстардың бірінен кейін Ақмолла өз қолымен жасаған күмістеген ерін Ақсұлуға сыйға тартқанын, ал Ақсұлу өз қолымен әдіптеген қазақы шапанды ұстазының иығына жапқанын қалың ел күні бүгінге дейін аңыз қылып айтады.

Ақмолла мен Ақсұлуды жастар бір тойдың үстінде айтыстырыпты. Ақсұлу әуелі айтыстан бас тартады. Ұстазымның алдында әдептен аспаймын деген уәж айтады. Сонда Ақмолла: «Сыйлағанына рақмет! Олай болса, айтыстың жаңа түрін ойлап шығарайық. Жиналған жұрттың көңілін көтерейік. Сіз қазақ елінің жақсылығын айтыңыз. Ақын үш нәрсені: адамгершілікті, батырлықты, сұлулықты міндетті түрде жырлауы керек. Адамгершілік – елдің ұйтқысы, батырлық – елдің қазынасы, сұлулық – елдің көркі», – дейді. Осы айтыста Ақмолла ақын өзінің үш елдің баласы екенін жырға қосып: «өз елің күншіл, қайын жұртың міншіл, нағашы жұртың сыншыл, жақсы болсаң, мақтанар, жаман болсаң, сақтанар», – деп көсілсе, Ақсұлу башқұрт батыры Салауаттың жорығына қосылған Жантас батырды былайша жырлайды:

*«Серігі Салауаттың батыр Жантас,
Тұлғасы болған дейді бейне жартас,
Жорықта неше түрлі ұлы-кіші,
Өткізген бір басынан талай айқас,
Көрсеткен найзагерім нағыз ерлік,
Болғанда Тройскіде үлкен шайқас,
Болыпты жалғыз түйе, жалғыз аты,
Сонда да ел көшкенде көштен қалмас,
Құлаштап Теміртаста кен қазғанда,
Білегі салдырамас, қары талмас,
Үйінде асар асы болмаса да,
Бас иіп, байға барып, күнін салмас.
Тапқанын ортақ бөліп, елге берген,
Дастархан түнілмепті жомарт ерден,
Сұрамай ешбір байдан бір де көмек,
Ер болған өз күшіне өзі сенген.
Бір азғын шен мен шекпен аламын деп,
Жантас пен Салауатты сырттан сатқан,
Бес жүз ер Теміртасқа бет алғанда,
Оғынан сол азғынның қаза тапқан».*

Ақсұлу-Кеншімбай айтысы барлық қазақ айтыстары ішінде ең шоқтығы биік сөз барымтасына жататынын айтулы ғалымдар да, белгілі ақын-жазушылар да әлдеқашан мойындаған.

Мәселен, С.Мұқанов «Айтыстар туралы» деген мақаласында XIX ғасырдың айтыстарын жасаушы ақындардың көпшілігі тарихқа мәлім екенін айта келіп, ақын қыз-келіншектерден аты сақталғандардың ішінде Ақсұлуды атап өтіп, оның Кеншімбаймен айтысына үлкен баға береді. Айтулы айтыстарды тілге тиек қылған Сәбең Біржан-Сара айтысынан кейін Ақсұлу-Кеншімбай айтысын екінші орынға қояды. Ақсұлудың құрдасы Ахмет Байтұрсынов та ақын өнерімен жақсы таныс болғанға ұқсайды. Ол «Әдебиет танытқыштың» «Көріктеу» деп аталған тарауында Ақсұлу мен Кеншімбайдың айтысынан үзінді алып:

*«Жаппастың сап-сары алтын жиган мүлкі,
Меймандос келсе қонақ, барша жұрты,
Шығады қыз-бозбала серуенге,
Үстіне масаты мен киіп құлпы»*
деген өлеңін мысал қылады. Сонымен бірге Кеншімбайдың:


*«Ақсұлу, айтар сөзді аңдамадың,
Аузына келген сөзді сандаладың.
Қыз бала елдің жайын қайдан білсін,*

Білмесе қыз бен жайын бозбаланың», – дейтін шумағын да мысалға алып, сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсеткен жырға бүкпелеу деген анықтама береді. Ахмет осы кітаптың «Тарихи жыр» тарауында «Кеншімбай мен Ақсұлу айтысында елдеріндегі кемшілік, осалдық жағын айтып, бас адамдарының осал мінезін айтып, мүдіртпек болған», – дейді.

Айтыс өнеріне терең талдау жасаған Мұхтар Әуезов үлгілі айтыстар қатарына Ақсұлу – Кеншімбай айтысын да жатқызады. Ақсұлу жырлары мен айтыстарын терең үңіліп оқыған адам оның парасат жағынан өз заманындағы көп ақыннан озық болғанын аңғарады. Сол тұста ауыл өміріне дендеп ене бастаған алыпсатарлық пен парақорлық секілді жағымсыз қылықтарды әшкерелеуімен, әйел тағдырына ерекше мән беруімен Ақсұлудың сол кездегі көршілес орыс, татар, башқұрт халықтары тұрмыс-салтымен, мәдениетімен жақсы таныс болғанын, олардың жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуге шақырғанын байқаймыз.

Ақсұлудың ет жақын туысының бірі Құрамыс Орысбаев Ақсұлу – Кеншімбай айтысын жатқа біледі екен. Ақсақалдың жадында қалған айтыс нұсқасы да Әбубәкір мен Мардан ағалар жазып алған айтыспен сәйкес келеді. Қария Ақсұлу мен Кеншімбай айтыс аяқталғаннан кейін Төлеміс мырзаның үйінде тағы да сөз қағысқанын баян қылды. Айтыстан кейін болған осы айтысқа назар аударайық:

*Ақсұлу:
Кеншімбай, өлең іздеп келдің қайдан?
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Келгенде қырық жасқа өлең іздеп,
Мойнына мінген екен ала сайтан.
Кеншімбай:*



*Бұл тойға мен келмедім, көп әкелді,
Бірге жүр осы тойға деп әкелді.
Сіздерге тайбұқалар жарамайды,
Болмаса кәрі бұқа деп әкелді.*

*Ақсұлу:
Кеншімбай, немене бұлғақтайсың,
Сай ма еді төрт құбылаң, сырғақтайсың,
Келгенде қырық жасқа өлең іздеп,
Ақыным, сен қайтерсің жың қаққасын.
Кеншімбай:*

*Мен өзім той дегенде тоймаушы едім,
Өлеңді қой дегенде қоймаушы едім.
Ақсұлу, сен жеңдің ғой, мен жеңілдім,
Ешкімге бой бермен деп ойлаушы едім.
Ақсұлу:*

*Кеншеке, немене жүрсің тасып,
Келіп ең біздің елге қарның ашып.
Алған соң біздің елден әбден тойып,
Жеңем деп Ақсұлуды дабыл шашып.
Кеншеке, шамаң келсе тағы да айтыс,
Өлеңмен жібертейін Сібір асып.
Кеншімбай:*

*Ақсұлу, айтысам деп тұрсың тасып,
Сенімен айтыспаймын сырым шашып.
Елімнен шығып едім бір себеппен,
Сағындым ел-жұртымды, болса нәсіп.
Тұрушы ем менің өзім Сыр бойында,
Барушы ем онда-дағы қыз тойына.
Елімнен бір себеппен жалғыз шықтым,
Кінә қып тағып қойдың сен мойныма.*

Ақсұлу:
Кенішеке, жүруші едің судай тасып,
Сөзінен Ақсұлудың қалдың сасып.
Жеңіліп Ақсұлудан қалғаннан соң,
Кеншімбай, біздің елден кеттің қашып.

Сонда Кеншімбай Төлеміс мырзаға былай деген екен:

«Бұл Жайық ел жайлаған жай екен ғой,
Жайықта жағалбайлы бай екен ғой,
Әрқайсы бір мыңдаған жылқы айдаған,
Еліңнің төрт құбылысы сай екен ғой,
Жаз болса, ақ боз үйін тігіп алып,
Кәрі-жас іздейтіні той екен ғой...»

Қайым айтыс түрінде өткен айтыс сөз барымтасының тағы бір қырын көрсетеді.

Енді бір ел құлағына салатын жайт. Қазан қаласында төңкеріске дейін басылған кітаптарға сүйеніп, Ақсұлудың туған жері Жігітқара ауданына қарасты Тасқарасу ауылы деп жазылып келген болатын. Ал айтыс Төлеміс мырзаның ауылында өткені белгілі. Оған айтыста Кеншімбай ауызымен айтылатын:

«Баласы Балқожаның Төлеміс-мі,
Жігітке өнер деген керек іс-мі.
Айтысын екі ақынның көреміз деп,
Үш жігіт төрт-бес қызбен жөнелісті.
Үш жігіт төрт-бес қызбен барып келді,
Ақынды Ақсұлудай алып келді.

Қызығын екі ақынның көреміз деп,
Жиылып тамашаға халық келді», – деген жолдар да дәлел бола алады.

Ал осы Төлеміс мырзаның ауылы қайсы десек, бұған дейін «Милютин» кеңшарының бөлімшесі болып келген, орыстар Белоаул деп кеткен елді мекен екен. Ақсұлуды алып келген ауыл да осы маңайда болса керек еді, алайда, Тасқарасу атауы бұл маңайда мүлдем кездеспейді. Төлеміс мырзаның ауылынан он бес шақырымдай ғана қашықтықта орналасқан Басқарасу – қазіргі «Шевченко» кеңшарының орталығы. Араб әрбімен танбаланған сөздерде «т» және «б» әріптері бірдей танбаланғанын, айырмашылығы осы әріптердің асты-үстіне қойылған нокаттарда ғана екенін ескерсек, Ақсұлудың туған жері – Тасқарасу емес, Басқарасу деген батыл болжам айтуға болады. Жағалбайлының Аққожа және Балқожа руына жататын ағайындар да осы ауылда аз емес.

Ақсұлу жасынан әкесінің жанына жүріп, ел билігіне де араласқан. Жастай атастырған күйеуі мезгілсіз қаза тауып, әмеңгерлік заңымен оның қатігез ағасына қосақталған қыз тағдыр шынжырын тас-талқан бұзып шығуға әрекет жасайды.

Жесір дауында өзін өзі қорғауға шыққан ақын қыздың өткір сөзі ел-жұртын елжіреткенімен, елге әңгіртаяқ ойнатып, қожа болып отырған бай-болыстарға әсер етпейді. Ақсұлу болса, өзімен айтысып, айтыста қыз басынан басқа мін таппай, атастырған күйеуін бетіне салық қылған, бірақ Ақсұлудың өз басын ер жігіттен кем көрмеген Кеншімбайды өзіне тең санап, астыртын сөз байласады. Ару қыздың тағдырына араласуды мәрттік көрген Кеншімбай Ақсұлуды бір түнде алып қашады. Олардың бұл қызығы да ұзаққа бармайды. Кеншімбай алыс сапарда жүргенде қыздың жасырынып жүрген ауылын жансыздары арқылы біліп алған әмеңгері – атақты Адай байдың баласы Қойкелді мырза Ақсұлуды байлап-матап, ауылына алып кетеді. Келе сала айықпас ауыр дертке ұшырап, құсадан қамыққан Ақсұлудың тұла бойына біткен перзенті Құлматайды да туған анасына еміздірмей, бәйбішенің бауырына салады. Сүйтіп, босанғанына үш күн өткеннен кейін барып, тұла бойы тұңғышын еміреніп емізіп, иіскей де алмаған есіл ақын, ару ана жиырма жасында өмірмен қоштасады.

Ақсұлудың баласы Құлматай Адаев өз анасы секілді ел қорғаны болған, қазақтан шыққан тұңғыш заңгерлердің бірі. Құлматай Троицк қаласында орыс арасында округтік сотта адвокат болып қызмет істеген, «Айқап» журналының тірекші, тілектестерінің бірі болып, Сұлтанмахмұт Торыайғыровпен және Мұхамбетжан Серәлинмен жақын дос болған.

Қойкелді үйінде қапаста өткен бір жылдың ішінде Ақсұлу қаламынан бір дәптер өлең туған. Өкінішке орай, ақын қыз «Қара дәптер» деп атаған, оның көз жасымен, жүрек қанымен жазылған бұл қолжазбаның қай арада қалғандығы белгісіз.

Қазақ халқының қасиетті бір қызының қасіретті тағдыры осылай болған. Ақын қыз Челябин облысының Ноғайбақ ауданына қарасты Александра-Невка деп аталатын елді мекеннің жанындағы қорымда жерленген. 1993 жылы ақынның туғанына 120 жыл, қайтыс болғанына 100 жыл толуын атап өткен жерлестері оның басына қойылған құлпытасқа:

«Ізгіліктің, ишала, бастап ісін,
Ақсұлуға қойылған тастан мүсін.

Әруақты қадірлеу үлгі болсын,

Әсіресе, кейінгі жастар үшін», – деген жазу жаздырған.

Ақсұлу туралы алғаш қалам тербеген Ресейде тұратын әдебиетші, педагогика ғылымының кандидаты Әмірбек Байниязов. Оның бірнеше мақаласы «Жұлдыз» журналында жарық көрді.



Армансыз адам? Жоқ, мүмкін емес дер едім. Кішкентай кезімізден бастап қиял қуып алға жетелеп келеді. Жоғары оқу орнына түсіп, арманымызды шыңдауға жол бастаймыз. Арман қуып Қостанай мемлекеттік университетіне түсіп, еңбек жолына білек сыбана кіріскен, қазір де мақтаныштарымыздың бірі деп Әйгерім Зиннатуллинаны атап өтер едім. Сондықтан да оны әңгімеге тартып көрдік.

- Университетіміздегі «Білім жарысы» газетінен сіздің ТОП-10 қатарына ілігіп, үздік студент атанғаныңызды жақсы білеміз. Бұл үлкен жетістік. Бұл ненің арқасы дер едің?

- Рахмет! Жетістік – бұл менің бала күнгі басты мақсатым. Сенесіз бе, мен балғын кезімде көп армандайтынмын. Тіпті, бір күнде бірнеше идеялар мені шырмап жататын. Бұл ең бірінші менің отбасымның арқасы. Содан кейін ғана менің мақсатшыл әрі жігершіл мінезімнің мүмкін жемісі



Болашағы жарқын жастар көп

ме деп ойлаймын... (жымиды)

- Өз жетістіктеріңізді толықтыра кетсеңіз.

- Мектеп бітіре салысымен университет табалдырығын аттаған күннен бастап грант алу менің басты мақсатым болды. Себебі мектеп кезінде жинаған тәжірибемді дәл осы жерде шыңдайтынымды білдім. Ата-анам менің ақысыз оқитыныма еш күмәні болған жоқ. Шүкір қазір ректорлық сыйақы мен презентттік стипендия алып жүрмін.

- Осы жерде кішкентай Әйгерімнің қандай болғанын айта кетесіз бе?

- Мен бес жасымнан бастап қазақтың ұлттық биін биледім. Биге көп әуестендім. Мектептегі барлық іс-шарадан қалмай, өз үлесімді қосуға талпынып жүрдім. Сондай-ақ, ғылыми жаңалықтар да мені қызықтырды. Мектеп оқушысы кезімнен ғылыми жобалардың байқауына қатысып, жүлделі орындар алып жүрдім. Бір сөзбен айтқанда, барлық саланы бірге ұстадым.

- А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, өзіміздің қара шаңырақ туралы не айта аласыз?

- Менің екінші отбасым. Иә, дәл солай айта аламын. Университет маған көп мүмкіндіктер сыйлады. Жігерімді ұштап, біліммен қаруландырып үздік әрі дүлдүлдердің қатарында табылуға бірден-бір септігін тигізді.

- Мамандық таңдау қиын болды ма?

- Оқушы кезімде дәрігер болуды қалайтынмын. Кейіннен анама қарап бой түзеп, заң жолын қуғанды жөн көрдім. Қазір заң факультетінің 3-курс студентімін. Мамандығым өзіме сондай ұнайды. Болашақта өзімді жоғарғы сот билігінен көргім келеді.

- Ғылыми жобалар ұсыну қызықтыратынын айтып өттің. Қазір қандай жаңалықтарыңмен

бөлісер едің?

- Ғылыми жұмыс жазуды бірінші курс оқып жүрген кезімнен бастадым. Алғашқы жетістігім сол жылы өткізілген милиция мектебінде ұйымдастырылған конференцияда басталды. Өте жауапты кез дер едім. Себебі бұл жиын халықаралық деңгейде өтіп жатты. Әрі қатысушылар мен үздік жұмыстарға грамоталар берілді. Шын айтайын, қатты қуандым. Одан кейін де ғылыми жұмыстар жазып, жетекшімен «ZIAT» орталығына жіберіп, жүлделі орындар алып жүрдім. Тағы бір айта кететіні, жақында Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде болатын ғылыми жұмыстар сайысына өтінішім мен жұмысымды жолдадым. Бұл жолы көлемді деңгейде өтіледі деп күтілуде.

- Әйгерім, сіз сияқты студенттерге қандай жігерлендіретін сөз айтар едің?

- Мен осы университетке түскенде барлығы секілді көп арманы бар қарапайым студент болдым. Ендігіде ата-анамның үкілеген үмітін ақтау менің басты парызым. Оқу орнындағы алғашқы күндерімнен бастап мәдени, ғылыми іс-шараларды қарап (андып десе де болады), өзімді сынап қатысуға талпынып жүрдім. Ал студенттерге айтарым, ең бірінші бұл жалқаулық дегенді шынымен ұмыту керек. Әр уақытта күнделікті бір тойымды ғана өзіңе демалыс жариялауға тырыс. Еңбектен. Бұл басты қағида. Себебі барлық жетістіктің қайнар көзі қажымас еңбекте жатыр. "Адамды адам еткен еңбек" деп бекер айтылмағаны сияқты.

- Әйгерім, сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Сіздің мына сөзіңіз қанаттандыратыны сөзсіз!

Сұхбаттасқан Әйгерім ШАЯХМЕТОВА



Көшбасшылық - заман талабы!

Көшбасшы деген кім? Нағыз көшбасшылық қандай болуы керек? Сіз өзіңізді көшбасшы санайсыз ба? Не себепті?

Иә, жазар мақалам осы сұрақтар аясында болмақ. ХХІ ғасыр жаңа ойларды іске асырудағы бәсекелестік заманы. Бұл заманның көшбасшысы болу кімнің арманы емес, айтыңызшы? Бәрі армандайды-ақ. Бірақ, биіктегі шыңға шығудан бұрын, жаныңыздағы жүрер далаға назар салыңыз. Шыңға шығуды мақсат тұту жақсы нәрсе. Бірақ, кіші нәрседен бастағанымыз дұрыс болар. Сонымен нағыз көшбасшы дегеніміз кім? Ертеректе көштің алдын басқарушыны, не болмаса ел басқарып отырған хан, билер мен көсемдерді айтқан.

Ал, қазіргі заман талабына сай көшбасшы кім? Әрине, ол өзіңіз. Осы мақаланы оқып отырған жан. Не себепті? Көшбасшы болу үшін мансап, байлық, дәреже керек пе? Мүмкін, бірақ олар қатып қалған қағида емес. Сіз алдыңызға мақсат қойдыңыз, оған жетер жоспарыңызды да жасақтадыңыз. Уақыт өтісімен қабілетіңіз бен талапшылдығыңыздың арқасында жеттіңіз. Ісіңіздің қас шеберісіз. Бастысы, сіз өзіңізге көшбасшылық жасадыңыз. Нағыз көшбасшы қасиеттері мақсатшылдық, жігерлілік, сенімділік.

Нағыз көшбасшы қандай болуы керек? Өзінің білгенін басқалармен бөлісу, сенім арту, жоспарлы адам болу. Кейбір адамдар, мақсатсыз көшбасшы болып жатады. Иә, мақсатсыз. Көшбасшылықтың қатып қалған заңдылығы жоқ. Тек ой ұшқырлығы.

Сіз өзіңізді көшбасшымын деп санайсыз ба? Ал мен өзімді бұл атаудың қатарына жатқызамын. Өзімшілдік пе? Жоқ, мүлде олай емес. Мүмкін

жақсы оқитын болғандықтан, мектебінде көшбасшы болар дерсіз. Жоқ, менің бағаларым орташа. Менің ойымша басшылық жасау үшін бағаның қатысы жоқ. Жәй ғана өмірден мысал қарастырайық. Математика сабағы. Жақсы оқитын оқушыға тапсырмасын береді, ол өзі есептей береді. Себебі жақсы оқиды және сенімді оқушы. Ал үшке оқитын оқушыны тақтаға шығарады. Апайларына байқатпай басқадан көшіру, не болмаса, жақсы оқитындардың көрсеткен ишараттарымен тапсырманы орындап шығады.

Нәтижесі мынау, жақсы оқитын оқушы ЖОО не болмаса кәсібінде жетістікке жетер. Үшке оқитын оқушыда дәл солай. Неге? Орынды сұрақ. Себебі ол мектеп кезінен тәуекелшілдікке, шешім қабылдай алуға, өмірде кездесетін есеп секілді қиындықтардан қулықпен, тапқырлықпен шығу жолдарын үйренген. Сол себепті нағыз көшбасшы болу үшін бағаның әсері жоқ. Тек ісіңізге жауаптылық, тапқырлық, жаңа идеялар жасайтын қабілетіңіз болса жеткілікті.

Не себепті көшбасшысыз? Адам өмірге келудегі мақсаты жеке тұлға атанып, өзінің жолын жасау деп ойлаймын. Ал басқаларға басшылық жасап, өзіңіздің білгеніңізбен неге бөліспеске, неге көшбасшы атанбасқа? Бәрі өз қолыңызда. Маған ұстазымның айтып отыратын бір даналық сөзі бар «Қолыңа іс алсаң, соңына дейін жеткіз, жолыңдағы сәтсіздіктерге мойыма, олар уақытша нәрсе» дейді. Осы сөзді медет етіп, мақсатыңызға асығыңыз. Уақыт санаулы.

Жайна ЖОЛДАСБАЕВА,
Массагет сайты

Студенттер неге жұмыс істейді?



Студенттік кезеңнің қызықтарынан бөлек қиыншылықтары да кездесіп жатады. Күнделікті тапсырмалардың ауыртпалығынан бөлек жеке бастың да мәселелері ауық-ауық туындап отыратыны рас. Бұған өз арамызда үнемі ұнжырғасы түсіп, әлдебір шаруалармен шапқылап жүретін студент жастар дәлел бола алады. Осы ретте жап-жас балаларда қандай мәселе деп ойлауыңыз мүмкін. Бір жағынан алып қарағанда орынды сұрақ қатарына жатқызуға да болады. Дегенмен өз мақаламда осы сұраққа жауап іздеп, бүгінгі студенттердің тұрмыс-тіршілігінен аз-кем хабар беріп көрмекпін.

Алдымен мына мәліметтерді назарларыңызға ұсынып кетейін: Республика бойынша оқу ақысы қолжетімді саналатын А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де журналистика мамандығы бойынша оқитын 2 курс студенттері 422 мың теңге, психология мамандығының 4 курс студенттері болса 250 мың теңге төлеп білім алады. Сондай-ақ ветеринарлық-санитарлық білім алам деушілер алғашқыда 260 мың теңге шамасында қаржы жинауы қажет. Қостанай қаласындағы тағы бір ЖОО-ның бірі Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында білім алатын 2 курс студенттері биылғы жылы 333 мың теңге төлеуге тиіс болып отыр. Ал осы мамандық бойынша Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінің 1 курс студенті 443 мың теңгеге білім алуға мәжбүр. Әрине грант иегері атану үшін талапкер бұған дейін барын салғаны ақиқат. Солай дегеннің өзінде бабы келісіп, бағы жанбай қалғандар жетерлік. Демек ең басты мәселе оқу ақысы. Осы арада «байдың баласы» деген тіркестің жиі қолданылуы халықтың әл-ахуалында аражіктің әлі де бар екен көрсетіп береді. Яғни біреулер үшін жоғарыдағы оқу ақысы шешімін тапқан мәселе болса енді біреулер үшін аса бір қиындық тудырады. Сол қиындықтан шығу үшін ата-ана жалақысын

жырымдап жұмсап, әуіріммен өмір сүруге көндіге бастайды.

Ауылдағы ағайын өтсе малың сатып, тіпті өтпей жатса құрт, май, қымызың қаладағы баласына жөнелтіп ақшаға айналдыруға тырысады. Нәтижесі де әр кезде әрқалай. Әйтеуір оқуға не болмаса үстіндегі киімі мен жүріс тұрысына қаражат болса екен деп тыраштанады дәлірек айтқанда жанұшырады. Мұны әке мен шешенің міндетіне жататын ауыртпалық деп қарастыруға болмас. Ақылы бөлімде оқитың баласы осының бәрін көріп-біліп отырғаннан кейін ойлана бастайды. (Санасы болса, әрине). Содан соң не болады дейсіз ғой... Бұдан кейінгі өмір сүру процесі қалыпты жағдайда жалғаса береді. Тек студенттер де тығырықтан шығудың жолдарын қарастырады. Яғни қайткен күнде де ақша табу керек. 18 жастан асқан жастар ата-анаға бар жауапкершілікті артып отыра бергісі келмейді. Осы себептен де олар жұмыс істеп, өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Аталған бір ғана қаржылық мәселе студенттерді құрылыс алаңдарына шығарып, мейрамханаларда даяршы, сауда орындарында сатушы болып, пилоо-рамаларда ағаш тиіп, складттарда ұн тасып жүруіне себепші бола алады деген сөз. Өйткені дипломсыз жөнді жұмысқа орналасу мүмкін емес. Ал ақылы білім алушыға диплом тегін келмейді. Осыдан соң студенттерге жұмысты доғар, сабаққа ден қой деп қалай айтуға болад. Әйтпесе студенттердің жұмыс істеп несі бар. Әрине ықтиярымен жұмыс істейтін студенттер жайлы әңгіме бөлек. Бірақ басым көпшілігі осы бір кезеңдерін достарымен қатар қоғамдық іс-шараларға арнауға, оқытушыларымен ғылыми жұмыстар жасауға, түрлі байқауларға қатысуға тиіс уақыттарын уақытша жұмысқа зая етіп, амалсыз көнуге мәжбүр.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

Арманым алға жетелейді



«Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» демекші әр адамның өз армандары, көздеген мақсаттары болады. Менің арманым - әрдайым ізденісте жүретін журналист болу. Иә, ол жауапкершілікті талап ететін қиын да әрі өте қызық жұмыс. Журналист - қоғамға ең керекті мамандықтардың бірі. Журналист тек қана терең білімділікті емес, сонымен қатар ол қайсарлықты, шыншылдықты, өжеттілікті талап етеді. Не себепті дәл осы мамандықты таңдадың дегендер аз емес. Оның басты себебі, ол менің бала кезгі арманым болатын. Кішкентай кезімнен қызықты бағдарламаларды тамашалап, мен де өзімді көгілдір экранның аржағынан көргім келетін. Менің ойымда мыңдаған арман-тілектер, жоспарлар мен мақсаттар тұр. Өзімнің таңдауыма қол жеткіземін деп ойлаймын. Міне, биыл Қостанай қаласындағы Ғ.Қайырбеков атындағы орта мектебінің болашаққа қанат қағар түлегімін. Ата-анамның үмітін ақтап, жақындарымның қолдауымен асқақ арманыммен қалаған оқу орнына түсемін деген сенімдемін. Болашақта елім

үшін адал қызмет атқарып халқымның қалаулы журналисі болсам деген арман мені әрдайым тек алға жетелейді. Ал неліктен журналист мамандығын таңдады десеңіз, айта отырайын.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, оның өмірі түрлі ақпаратқа толы болып келеді. Себебі адам өмірін ақпаратсыз мүлде елестету мүмкін емес. Қазір дамыған кезеңде өмір сүріп жатқандықтан да ақпарат ауқымы кеңейіп, оны қабылдайтын аудитория түрі де өзгерді. Ақпаратты таратушылар журналистер қауымы. Журналист деген кім? Мұндай да сұрақ болады. Өйткені журналист мамандық иесі болғандықтан, оған қойылатын талап та жоғары.

Журналист, ең біріншіден, өз жұмысын тиянақты орындап, кез-келген жағдайда оперативті шешім қабылдай алатын жекеленген тұлға иесі болуы керек. Екіншіден, жан-жақты білімді, әр саладан хабары бар маман болуы тиіс. Үшіншіден, журналист қоғам айнасы. Сондықтан әрбір айтқан сөзі мен жеткізер ойын саралай білуі керек. Біз өмір сүріп жатқан кезең жаңа технологиялар мен коммуникацияны талап ететін заман. Бұрынғы қағаз бен қалам артта қалып, оның орнын мүмкіншілігі көп аппараттар басуда. Сондықтан, ерекше мамандық иесі өзгерістер мен жаңа заттардың қолданылуын жетік меңгере алуы керек.

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін мамандық мен үшін ыстық. Болашағымды дәл осы саламен байланыстырып, жетістікке жететініме кәміл сенемін. Себебі, армандар орындалады...

**Меруерт ЕРТУҒАНОВА,
Ғ. Қайырбеков атындағы №9 о.м.
11 сынып оқушысы**



Ойландыратын 5 оқиға:

1. Ферма қожайыны тышқан аулайтын қақпан қойды. Оны байқаған тышқан көрген-білгенін тауыққа, қойға және сиырға жеткізді. Ал олар болса: «Қақпан — сенің проблемаң! Бізге оның қатысы жоқ! Өз шаруанды өзін шеш» деп тышқанды сөйлетпей тастайды.

Кешкісін, қақпанға жылан түсіп, фермердің әйелін шағып алыпты. Күйеуі әйелі жақсарсын деп, тауық сойып, сорпа дайындап беріпті. Ал әйелдің жағдайын сұрап келген қонақтарға қой сойыпты. Жағдайы нашар әйел қайтыс болады. Ал садақа өткізуге сиырды сояды.

Осы көріністің барлығын тышқан өз інінен қарап отырыпты...

Түйін: Өзіңізге тікелей қатысы жоқ шаруаның, сізге мүлдем кесірі тимейді деп ойлау — үлкен қателік.



3. Фермада жылқы ауырып қалыпты.

Ветеринар:

— Жылқыға дәрі ектім. Егер таңертең оянбай қалса, өлді деп есептей беріңіз, — деп фермерге айтып кетіпті.

Таң атты. Жылқы оянған жоқ. Қасында жатқан қой:

— Досым тұрсаңшы! Әйтпесе, сен өлесің, — деп жылқыны оятып алыпты.

Фермер:

— Міне керемет! Мен өте қуаныштымын! Бұл жағдайды атап өту керек, — деп қойды сойыпты.

Түйін: Өзіңізге қатысы жоқ іске — ешқашан араласпаңыз. Бірақ, қақпан туралы әңгімені де ұмытпағаныңыз жөн!

4. Жұмыс істеп жатқан үш жігітті көрдім. Бірі тас шауып жатыр, екіншісі нұсқау беріп жатыр, ал үшіншісі жай қарап тұр екен. Оларға:

— Не істеп жатырсыңдар? — дегенімде, бірі:

— Қиналып, жұмыс істеп жатырмын, — деді.

— Мен жұмыс жасатып, ақша тауып жатырмын, — деді екіншісі.

— Ал мен — Зәулім сарай салғызып жатырмын, — деді.

Түйін: Арманы жоқ адамды — арманы бар адам басқарады.



2. Бүркіт биік талдың басында отыр екен. Көңілі тоқ, абыройы бар бүркіттің ештеңе істемей отырғанына қызыққан қоян, бүркітке:

— Мен де сіз құсап, ештеңе істемей отырсам бола ма? — дейді.

— Әрине болады. Талдың түбіне отыра ғой, — дейді бүркіт.

Бүркіт айтқандай тал түбіне жайғасқан қоянды, түлкі жеп қойыпты.

Түйін: Ештеңе істемей дем алу үшін — ұзақ еңбек жасап, абыройлы болу керек! Сонда ғана, түлкі сындылардың тісі батпайтын болады..



5. Такси жүргізушісі танымал миллионерді мінгізіпті. Үйіне жеткен миллионер, таксиге 500 теңге ғана береді.

Таксист:

— Мен кеше сіздің ұлыңызды осы үйге әкелдім. Ол маған 2000 теңге артық берді де, қажетіңе жарат деп қуантқан еді.

— Мен ол сияқты артық ақша жұмсамаймын! Себебі, оның әкесі — миллионер болса, мен — жетіммін.

Түйін: Маңдай термен тапқан табысын, ешкім артық жұмсамайды.

Үлкенді сыйлап жүрміз бе?



Қазақ қашанда жаманын жасырып, жақсысын асыра білген халық. Дегенмен, қазіргі жастардың тәрбиесі өзгеріп, болашақ буынның жеңіл ойлы, жалқаулықпен оңай олжаға үйреніп бара жатқанын жасыра алмаймыз. Бүгінде жастардың тәрбиесі, оның ішінде үлкенді сыйлау мәселесі ең үлкен проблемалардың біріне айналып отыр. Кешегі "Қара қазан, сары бала қамы үшін" деп ұрандап жауға шапқан батырларымыз, темірдей жігіттеріміздің бүгінгі күйі көңіл толтырарлық емес. Түнгі клубтар мен ойын-сауық кештерін аралап, арын сатып жүрген қазақ қыздарын көргенде қарының ашады. Кезіндегі ер адамның көзіне тік қарай алмаған қыздарымыз қазір өзінің туған әкесінің бетінен алып, ұрысып жатады. Неліктен, осыншама намысшыл, арлы елдің ұрпақтары ұсақталып барады?! Оған себеп ар - намыстың кетіп бара жатқандығы. Сондай-ақ қазір жастар тез еліктегіш. Батысқа еліктеп, небір ұят қылықтар жасаймыз, кәрістерге еліктеп, табиғи сұлулығымызды түрлі зиянды бояулардың арғы жағына жасырып қоямыз. Сырт келбет былай тұрсын, қазіргі таңда өзіміздің ана тілімізде де дұрыс сөйлей алмаймыз. Өзінің қазақ екеніне арланып, өзінің емес, өзге тілде сайрайтын жастар толып бара жатыр. Міне, осының бәрі мәдени деңгейіміздің түсіп бара жатқанының дәлелі емес пе?! Бұл жастар мәселесі қазіргі ХХІ ғасырда тек біздің елдің ғана емес, күллі әлемнің күрмеуі қиын проблемалардың біріне айналып барады. Байырғы

халқымыздың үлкенді сыйлау, құрметтеу, үлкенге жол беру сынды әдет-ғұрыптарын бір бұрышқа ысырып қойып, өз туған ата - анасына дауыс көтеріп, тіпті соққының астына алып жатқан жастарымыз қаншама. Үлкенді құрметтеудің орнына аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан небір балағат сөздер айтып жүрген жастардан безінгің келеді. Қарияларымызды, әжелерімізді аялап жол берудің орнына итеріп, таптап өтіп кететін жастардың көбеюін, өкінішке қарай жасыра алмаймыз. Бұған кім кінәлі? Ешқандай ата-ана баласына жаман болсын деп тәрбие бермейді. Меніңше, бұл заманның өзгеруі, батысқа көп еліктеудің нәтижесінде болып жатқан құбылыс. Қазіргі жастар ертеңгі елдің тұрағы. Саналы да салмақты ұрпақ болып өсіп шығу өзімізге көп байланысты. Қазақтың әрбір қызы мен ұлы ертеңгі сүйеу болар ер, салт-санасын дәріптейтін ана. Сол себепті қоғамнан тек өзімізге керектісін алып, керек емесінен бас тарта білуіміз қажет деп санаймын. Мағжан Жұмабаев атамыздың "Мен жастарға сенемін" деп айтып кеткен өсиеті мен үлкен жауапкершілігін ақтау парызымыз. Бес саусақ бірдей емес. Десе де алдағы уақытта жастарымыз жалған намысшылдықтан арылып, батыл, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсететін өршіл, рухы биік тұлға болса екен деймін.

Сағыныш Ибрагимова,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті

Оқулық жайында

Оқулық - ұлт қазынасы, ұрпақтар жалғастығы мен сабақтастығының басты негізі. Сапалы оқулық әзірлеу - жас ұрпақты өмірге дайындауда, заманауи білім беруде аса ауқымды да жауапты, үнемі ізденісті, жаңашылдықты талап ететін қызмет.

Елімізде барлығына таныс «Астана кітап», «Алматы кітап», «Атамұра», «Мектеп баспасы» сияқты баспалар тапсырыстар бойынша түрлі кітаптар басып шығарып жүр. Бірақ осындай баспаханалардың болғанымен ана тіліміздегі оқулықтардың саны аз. Мемлекетімізден жаңа оқулықтар шығаруға қаражат бөлінбей ме, бөлінсе нәтижесі қайда?

Қалалық немесе облыстық кітапханаға кірсен ішіндегі кітап қорының 80% орыс тілдеріндегі оқулықтар құрайды, ана тіліміздегі оқулықтар саны өте аз. Тіпті гуманитарлық бағыттағы мамандықтар бойынша кейде мүлдем таба алмай қаласың. Ана тіліміздегі оқулықтардың аздығымен қоса жиі сынға ілініп жатыны да белгілі. Бірақ бұл мәселеге мамандардың айтар уәжі дайын – оқулықтар арнайы құрылған комиссияның тексерісінен өтіп, сұрыпталады. Солай бола тұра оқулықтар кемшіліктерге толы. Әріп қателерін былай қойғанда, мазмұны түсініксіз, қисынсыз құрылған сөйлемдер жетіп артылады.

Қазіргі таңда осы мәселені шешу мақсатында істеліп жатқан жұмыстардың бірі елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

бағдарламасы аясындағы алты жобаның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Осы жоба аясында кітап аудару ісіне 120-дан астам адам жұмылдырылған. Қазіргі таңда осы жоба аясында аудармашылар өз жұмыстарын бастаған. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша философия, психология, тіл білімі, экономика, менеджмент салалары бойынша әлемдегі ең үздік деген кітаптарды қазақ тіліне аударылуда. Бүгінде аталып отырған бағыттар бойынша 18 кітап іріктеліп аударылып, мәтіндері редакторлардың қолынан өтіп, беттеле бастады. Оқулықтардың электрондық форматта 100kitap.kz сайтында көпшілік назарына ұсынылады. Қазақ тіліндегі оқулық мәселесін қалыпқа келтіру үшін бұл жұмыс азық етеді. 100 жаңа оқулық аударылғанымен, жеткілікті болады деп айту қиын. Сондықтан да еліміздің «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы тағы да осындай жаңа жобалар ойлап тауып және өзіміздің ғалымдарымыздың, дарынды студенттердің жасаған тәжірибелік жұмыстарын пайдаланып оқулықтарды басып шығарса үлкен жетістік болар еді.

Нұргүл ҚОЖАХМЕТОВА,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті



Кітапхана және өлкетану



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ««Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы негізгі мақсаттардың бірі рухани құндылықтарды сақтау және арттыра түсу болып табылады. Бұл мақсатқа рухани-адамгершілік тәрбиенің дереккөзі әрі тиімді құралы болып табылатын өлкетану саласындағы жоспарлы жұмыстар мен тереңдете жүргізілетін зерттеулерсіз қол жеткізу мүмкін емес. Өлкетану бағыты кітапхана жұмыстарында бұрын да болған, алайда қазіргі кезде оның өзектілігі бірнеше есе арта түсті.

Сол себепті де «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өлкетану бағытындағы толық мәтінді «Қостанай облысы: тарих, адамдар, оқиғалар» базасы құрылған болатын. Қазіргі кезде мұндағы тарихи-өлкетану тақырыбына, мысалы Қостанай облысының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, білім беру және денсаулық сақтау салаларына қатысты түрлі құжаттардың көшірмелер саны 2800-ден асып келеді.

Толық мәтінді деректер базасы (ТМДБ) – бүкіл әлемде мойындалған беделді ғылыми ақпараттың дереккөзі. Олар журналдарда жарияланған мақалалардың, нақты ғылыми тақырыпқа жазылған мақалалардың немесе кітаптардың үзінділерінің толық мәтінді электронды нұсқаларынан тұрады.

Толық мәтінді электронды құжаттар (ресурстар) – бұл электронды нұсқада қойылған құжаттардың толық мәтіндері, мұндағы жалғыз талап – олармен жұмыс істеу үшін компьютердің болуы. Олар толықтай дәстүрлі «қағаз» түріндегі басылымдарға сәйкес келеді, сондықтан олармен басылымның

жарияланған нұсқалары секілді жұмыс істеуге болады. Толық мәтінді электронды құжаттар өлкетану бойынша жетпей жатқан әдебиеттердің орнын толтырып отыр.

Олардың барлығы RABIS автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесінің базасында жасалған.

Толық мәтінді деректер базасын пайдалану электронды каталог арқылы жүзеге асырылады, пайдаланушылар материалдарды компьютерден оқи алады, оларды басып шығаруға немесе цифрлық тасығыштарға түсіріп ала алады, сондай-ақ оларды қашықтан да – <http://kstounb.kz/bd/kostanaimekenжайы> бойынша кітапхана сайтынан да пайдалануға болады (толық емес көлемде).

Іздеудің жолдары: кілт сөздер, автордың тегі, басылымның атауы.

Сайтта пайдалану тәртібі: тіркелусіз, тегін.

Кітапхананың электронды ресурстарын пайдалана отырып сіз уақытыңыз бен күшіңізді үнемдейсіз, Қостанай облысы туралы кітапханада сақтаулы тұрған және интернет кеңістігінде бар барлық ақпаратты ала аласыз.

Құрметті пайдаланушылар! Сіздерге ақпарат іздестіру ісінде сәттілік тілейміз.

Толық мәтінді деректер базасын пайдалану бойынша толық ақпаратты Өлкетану әдебиеттері бөлімінен, e-mail: olke.gostanay.ounb@mail.ru электронды мекенжайы бойынша немесе (7142) 500-690 телефоны арқылы алуға болады.

Салима САЗАНБАЕВА,
Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасы,
өлкетану әдебиеттері бөлімнің меңгерушісі